БУҒАУ *зат.* кандалы, цепь// - салу заковать в кандалы; құлдық - ы цепи рабства; - салу надеть хомут на шею (охомутать).

БУҒЫ *зат.* олень; солтүстік - сы северный олень; - өсіруші совхоз оленеводческий совхоз.

БҰЗ- *ет.* портить, разрушать, нарушать, ломать; ескі үйді - у разрушить старый дом; тыныштықты - у нарушить покой; біреудің көңіл-күйін - у портить кому-либо настроение.

БҰЗАУ *зат.* теленок; екі бұзау два теленка; - қора телятник; ерке - екі енені тел емеді ласковый теленок двух маток сосет.

БҰЗЫҚ *сын.* распущенный, испорченный, невоспитанный (хулиган); - бала невоспитанный ребенок; ол - адам он распущенный человек.

БҰЙРА *сын.* кудрявый; - шаш кудрявые волосы.

БҰЙРЫҚ (бұйрығы) *зат.* 1) приказ; - беру отдать приказ; - пен алғыс жариялау приказом объявить благодарность; - пен қызметке алу приказом зачислить на работу; 2) *грамм.* - райлы етістік повелительное наклонение глагола.

БҰЙЫР- *ет.* приказывать, распорядиться; жүріп кету туралы - у распорядиться об отъезде.

БҰҚАРА *зат.* народ, массы; - ның белсенділігін активность народных масс; еңбекші - халық выходцы из трудового народа; - лық аппарат құралдары средства массовой информации.

БҰЛАҚ (бұлағы) *зат.* родник, ключ; салқын - жыраны қуалап ағады ледяная вода течет в овраге; - суы ключевая вода.

БҰЛБҰЛ *зат.* соловей: ~ дың сайрауы соловьиная трель; ~ дай сайрайды поет, как соловей.

БҰЛДАН- *ет.* важничать, чваниться, строить из себя важную персону; ~ып сөйлеу говорить с важным видом; ~ ған адамды жаным сүймейді не терплю чванливых людей.

БҰЛТ *зат.* туча, облако; түнерген қара - грозная туча; ~ тан ары за облаками; ◇ олардың басына ~ төнді (қауіп-қатер төну) тучи собрались над ними (*т. е.* они попали в затруднительное положение).

БҰР- *ет.* повернуть, поворачивать; бас - у повернуть голову; ◇ мойын ~ у смотреть на что-то, повернуться.

БҰРА- *ет.* завинтить, завинчивать; бұранданы ~ п кіргізу завинтить винт; гайканы мықтап жеткізе - у завинтить крепко гайку; ◇ құлағын ~ у неустанно напоминать.

БҰРМАЛА- *ет.* исказать, извращать; қолжазбаны өрескел ~ ған рукопись сильно искажена; шыңдықты ~ у извратить действительность; біреудің пікірін ~ ма не искажай мыслей других.

БҰРШАҚ (бұршағы) *зат.* I град; қалың - жауды выпал сильный град; егісті ~ соқты урожай побил град.

БҰРШАҚ (бұршағы) *зат.* II горох//гороховый; үрме - фасоль; ~ көже гороховый суп.

БҰРЫМ *зат.* коса; шашты ем - етіп өру заплести волосы в две косы.

БҰРЫН *үст.* раньше; бұл жер ~ шөл дала болатын раньше здесь была безводная пустыня; мен одан ~ ырақ келдім я пришел раньше него.

БҰРЫНҒЫ *сын.* прежний; ~ жылдарда в прежние

Б

годы; ~ дан қалғаны аз ғана от прежнего мало что осталось; ◇ ~ дан бетер пуше прежнего.

БҰРЫШ *зат.* 1) угол; үйдің ~ ы угол дома; бөлменің ~ ында в углу комнаты; 2) *матем.* бұрыш; тік ~ прямой угол; сыртқы ~ внешний угол; түсу ~ ы угол падения; төрт ~ ты четырехугольный.

БҰТАҚ (бұтағы) *зат.* ветка; ағаш ~ тары ветки дерева.

БҮГІН *уст.* сегодня; ~ таңертең сегодня утром ~ гі таңда в данное время; ◇ ~ бар, ертең жоқ сегодня густо, завтра пусто.

БҮЙРЕК (бүйрегі) *зат.* почка; малдың бүйрегі почка животного; бүйрек ауырады болит почка; бүйрек бұру сочувствовать кому-л.

БҮЙІР *зат.* бок; ~ жағы в боку; менің ~ м шаншады у меня колет в боку; ◇ ~ лей сөйлеу перебивать говорящего.

БҮК (бүгу) *ет.* погибать, сгибать; етекті бүгу погнуть подол; ◇ тізе бүгу встать на колени.

БҮКТЕ- *ет.* сложить, свернуть; парак қағазды ортасынан ~ у сложить лист пополам; кілемді ~ у свернуть ковер.

БҮКІЛ *ес.* весь, вся, все; ~ халық весь народ; ~ одақтық слет всесоюзный слет.

БҮКІР *сын.* горбатый, кривой; ~ қолдар кривые руки.

БҮЛДІР- *ет.* испортить, испачкать; кітапты ~ у испортить книгу; үстін ~ у испачкаться.

БҮЛДІРГЕН *зат.* клубника; ~ теру собирать клубнику.

БҮЛІН- *ет.* портиться, разрушаться; [] шықпаған егіннен жер ~ еді, олақ бастықтан ел ~ еді.

букв. земля портится от невыращенного урожая, народ — от неумелого начальника.

БУРКЕ- *ет.* кутать, укрывать; шөлімен ~ у кутать шалью.

БҮРКІТ *зат.* беркут; ~ пен аңға шығу охотиться с беркутом.

БҮРШІК (бүршігі) почка (растения); ~ жару; ~ ату почковаться.

БҮТІН *зат.* 1) целый, весь; ~ ді бөлу разделить целое: 2) исправный, целый; ~ зат исправная вещь.

БЫЛҒА- *ет.* 1) мешать; ботқаны қасықпен ~ у мешать кашу ложечкой; 2) пачкать, марать; қолын ~ п запачкать руки; киімін ~ п алу испачкать одежду; ◇ атымды ~ ғым келмейді не хочу марать честное имя.

БЫЛҒАРЫ *зат.* кожа//кожаный, қара ~ черная кожа: ~ етік кожаные сапоги.

БЫЛТЫР *үст.* в прошлом году ~ ғы жылдары в прошлые годы; ~ ғы оқу жылында в прошлом учебном году.

БІЗ I *зат.* шило; ~ бен тігу шить шилом; ~ тұмсық туфли остроносые туфли; □ қап түбінде ~ жатпас шила в мешке не утайшь.

БІЗ II *ес.* мы; ~ сенімен біргеміз мы с тобой: ~ дің наш; ~ дікі наш.

БІЛ- *ет.* 1) знать, понимать; шет ел тілін жақсы ~ у хорошо знать иностранный язык; мен оның кетіп қалғанын ~ емін я знаю что он уехал; ◇ ~ іп қой заруби себе на носу.

БІЛЕЗІК (білезігі) *зат.* браслет; алтын ~ золотой браслет; білезігіңді шешіп қой сними браслет.

БІЛІМ *зат.* 1) знание; ~ саласы область знания: күш ~ де знание — сила; 2) образование; орта ~ сред-

нее образование; жоғары - высшее образование; - ді адам образованный человек.

БІР сан. 1) один (одна, одно): алтыдан бірді алу из шести вычешь один: мұны оның бір өзі істей алады он может это сделать один; 2) какой-то, некий, один; бұл туралы оған - кісі айтты об этом ему сказал один человек; күндердің - күні в один прекрасный день, ◇ - ауыз сөз несколько слов; - сөзге келу договариться, прийти к единому мнению; найти общий язык; - қайнатым шай чай на одну заварку; - ауыздан единоголасно.

БІРАЗ ұст. несколько, немного; - қате табылды нашлось несколько ошибок; - дан бері с некоторых пор; - дан соң (кейін) через некоторое время.

БІРАҚ шыл. союз но, однако; ол сонда болыпты, - оларды көрмеген он был там, но их не видел; ол өте асықты, - бәрібір кешігіп қалды он очень торопился, однако опоздал.

БІРГЕ ұст. вместе, совместно; - тұру жить вместе; жолдастарымен - вместе с товарищами; бұл мәселені талқылау керек нужно совместно обсудить этот вопрос.

БІРДЕЙ ұст. одинаково, равно; екеуінді - көремін я отношусь к вам одинаково.

БІРДЕМЕ ес. что-то, что-нибудь; ол - ге риза емес он чем-то недоволен; ол маған - айтқысы келіп тұр он хочет мне что-то сказать; оқи тұруға - беріңізші дайте что-нибудь почитать.

БІРДЕН ұст. сразу: ол есін - жинады он сразу очнулся; олар - бөлмеге кірді они сразу вошли в комнату.

БІРЛЕС-ет. объединяться, сплачиваться; бейбітшілік үшін күресушілердің - кен күні объе-

диненные усилия борцов за мир; бұқара халықтың ~ тігі сплоченность народов.

БІРЛЕСТІК (бірлестігі) *зат.* объединение; жазушылардың бірлестігі объединение писателей; өскери әкімшілік - военно-административное объединение.

БІРНЕШЕ *ес.* несколько; - сөзбен айтып беру расказать в нескольких словах.

БІРТҰТАС *сын.* единый; теория мен практика - теория и практика едины.

БІРЫҢҒАЙ *сын.* 1) однородный; - шаруашылық однородное хозяйство; 2) *грамм.* - мүшелі сөйлем предложение с однородными членами.

БІРІК- (бірігу) *ет.* соединяться, объединяться; өскери бөлімдер - ті войсковые части соединились.

БІРІНШІ *сан.* первый; - том первый том; - кезекте в первую очередь; - тамақ — сорпа на первое — суп; - дәреже первая степень; - сорт первый сорт; ◇ - ден во-первых; - лік *спорт.* первенство.

БІТ- *ет.* кончатся, заканчиваться: осымен барлық іс - ті на этом все дело закончилось; жұмыс күні - ті рабочий день закончился.

БІТЕ- *ет.* забивать, заколачивать, закрывать наглухо; терезенің жан-жағын - у заклеивать окна (на зиму).

Г

ГУІЛ *зат.* свист; желдің ~ і свист ветра.

ГУІЛДЕ- *ет.* свистеть, гудеть; трубада жел - ді в трубе ветер гудит; менің құлағым - ді у меня гудит в ушах.

ГҮЛ *зат.* цвет, цветы (цветок); жәке ~ і липовый цветок, ~ шоғы букет цветов; табиғи ~ дер живые цветы; ~ зар газон.

ГҮЛДЕ- *ет.* цвести, быть в цвету; апорт ~ деп тұр цветет апорт.

ГҮРСІЛ *од.* грохот, гүл; зеңбірек ~ і грохот пушки.

ГҮРСІЛДЕ- *ет.* грохотать, издавать гул; гудеть; бомба - п жарылды бомба взорвалась.

Ғ

ҒАЖАП *сын.* дивный, чудный, удивительный; - дауыс дивный голос; бұл не ~ что за диво; ~ костюм чудный костюм.

ҒАЛЫМ *зат.* ученый; ~ адамдар ученые люди; совет ~ дарының тамаша табыстары замечательные достижения советских ученых.

ҒАНА (или кана) *шыл.* только, частица только что; бұл мәселені тек сол ~ шеше алады только он может решить этот вопрос; жұмыс жаңа ~ басталып келеді работа только начинается.

ҒАСЫР *зат.* век; жиырмасыншы ~ двадцатый век; он тоғызыншы ~ да в девятнадцатом веке.

ҒАШЫҚ *сын.* влюбленный; ~ бозбала влюбленный юноша; ~ тық көзқарас влюбленный взгляд.

ҒОЙ (қой) *шыл.* частица, выражающая законченность, утвердительность; оны айтқан сен ~ ты же об этом сказал; болды ~ ну, хватит.

ҒҰЛАМА *сын.* величайший, непревзойденный; ~ суретші непревзойденный художник; Аристотельден кейінгі ~ ойшыл — Әл-Фараби Аль-Фараби является величайшим мыслителем после Аристотеля.

ҒҰРЛЫ (құрлы) *шыл.* даже, хуже; оны адам - көрмейді еге даже за человека не считают; мұны сен - істей аламыз мы это не хуже тебя сделаем.

ҒҰРЫП (ғұрпы) *зат.* обычай; ескі ғұрып старинный обычай; қазақ халқының ғұрпында по казахскому обычаю.

ҒЫЛЫМ *зат.* наука; қоғамдық - дар общественные науки; Қазақстан Республикасы - Академиясы Академия наук Республики Казахстан.

ҒЫЛЫМИ *сын.* научный, ученый; - қызметкер научный работник; - мекеме научное учреждение; еңбекті - жолмен ұйымдастыру; научная организация труда; - дәреже ученая степень.

Д

ДА (де) *шыл.* частица тоже, также, даже, если даже; ол да жүріп кетті он тоже уехал; мұны сен түгілі мен де істей алмаймын это не то что ты, даже я не смогу сделать; ол келмесе де, сіз жұмысты бастай беріңіз если даже он не придет, начинайте работу.

ДАБЫЛ *зат.* призыв, сигнал; - беру поднимать тревогу.

ДАБЫР *зат.* шум; үйге - ламай кіру войти в дом без шума; алыстан қатты - естіледі издалека слышался шум.

ДАҒДАРЫС *зат.* кризис, застой; істің - қа ұшырауы застой в делах; - ты ахуал кризисная ситуация.

ДАҒДЫ *зат.* 1) навык; жұмыста - керек в работе нужен навык; еңбек - сы трудовые навыки; 2) привычка; - болып кету войти в привычку.

ДАҒДЫЛАН - *ет.* привыкать, приобретать навыки; ерте тұруға - у привыкнуть рано вставать.

ДАҒДЫЛЫ *сын.* привычный, обычный; - өмір привычный образ жизни; - жардай обычная обстановка; - оқиға обычный случай.

ДАЙЫН *сын.* готовый: - көйлек готовое платье; түскі тамақ - обед готов; \diamond - асқа ие болу жите на всем готовом.

ДАЙЫНДА - *ет.* подготовить, приготовить, заготовить; кітапты баспаға - у подготовить книгу к печати; ертеңгі сабақты - у приготовить завтрашний урок; қысқа отын - у заготовить дрова на зиму.

ДАЙЫНДЫҚ (дайындығы) *зат.* подготовка; мұның бөрі өздерінің дайындықтарыңызға байланысты все зависит от степени вашей подготовленности.

ДАЛА *зат.* степь, поле//степной; бетпақ - голая степь; - лық алқап степная полоса; - есімдігі степная растительность; жазық - простор.

ДАМУ *и. д.* от дамы развитие; қоғамның - ы развитие общества

ДАМЫ - (даму) *ет.* развиваться, расти; өмір өзгереді, дамиды жизнь меняется, развивается.

ДАМЫТ - *ет. понуд.* от дамы- развить, расти: ақылды - у развивать память - біреудің ойын - у развить чью-либо мысль.

ДАНА *зат.* I штука, экземпляр; он - десять штук; қолжазбаны екі - етіп қайта басу перепечатать рукопись в двух экземплярах.

ДАНА *сын.* II мудрый, гениальный; - пікір мудрая мысль; Абай — қазақ халқының - ақыны Абай — гениальный поэт казахского народа.

ДАНДАЙСЫ- (дандайсу) *ет.* зазнаваться; қалай бастық болды, солай - ып кетті как стал начальником, так и стал зазнаваться.

ДАҢҚ *зат.* слава известность; - қа ие болу завоевать славу;

ДАҢҚТЫ *сын.* известный, знаменитый, прославленный; - ақын известный поэт; - ты адам болу стать знаменитым человеком; - ты батыр прославленный герой.

ДАР *зат.* виселица; - га асу повесить (казнить через повешение).

ДАРА *сын.* отдельный, индивидуальный; - пакет индивидуальный пакет.

ДАРЫН *зат.* талант; оның - ы күшті у него большой талант; бізде жас - дар өсіп келеді у нас растут молодые таланты.

ДАСТАН *зат.* эпос, поэма; қазақ - дары казахские эпосы; С. Мұқановтың “Сұлушаш” дастаны поэма С. Муканова “Сулушаш”.

ДАСТАРҚАН *зат.* скатерть; столға - жайды на стол постелили скатерть; - дық мата скатертное полотно; ◇ - ы жиылмайтын үй гостеприимный дом.

ДАУ *зат.* тяжба, спор; мұра - ы тяжба о наследстве; - ды шешу разрешить спор.

ДАУЛЫ *сын.* спорный; - мәселе спорный вопрос.

ДАУЫЛ *зат.* буря; - көтерілді поднялась буря; қатты - сильная буря.

ДАУЫЛПАЗ *зат.* буреветник; - ірі құс буреветник - крупная птица.

ДАУЫС (даусы) *зат.* 1) голос; - көтеру повышать голос; төменгі - низкий голос; 2) перец, шешуші - решающий голос; - қа қою ставить на голосование; -

ты дыбыстар гласные звуки; - сыз дыбыстар согласные звуки.

ДАУЫСТА - *ет.* громко произносить или говорить; сөздерді ~ п оку читать громко слова (вслух); дыбыстарды ~ п айту произносить громко звуки; ~ п сөйлеу говорить громко.

ДАЯР *сын.* готовый, готово; - киімдер дүкені магазин готовой одежды; ~ тұру быть готовым.

ДАЯРЛА - *ет.* готовить, снаряжать; жолға керек заттарды ~ у приготовить нужные вещи в дорогу; экспедиция ~ у снарядить экспедицию.

ДАЯРЛАН - *ет. возвр.* от даярлау готовиться, приготовиться; мейрамға ~ у готовиться к празднику; сабаққа ~ у готовиться к урокам.

ДАЯРЛЫҚ (даярлығы) *зат.* подготовка//подготовительный; оның даярлығы күшті у него сильная подготовка; ~ бөлімінде оқыды он учился на подготовительном отделении.

ДАЯШЫ *зат.* официант; - қыз официантка.

ДӘЛ *үст.* как раз, точно, ровно; оған бұл аяқ киім - келді ему эта обувь как раз подошла; сағат ~ үште ровно в три часа; - осындай кітап точно такая книга.

ДӘЛДІК (дәлдігі) *зат.* точность, конкретность; аударманың дәлдігі точность перевода; ақиқаттың дәлдігі конкретность истины; құбылыстарға ~ пен қарау рассматривать явления конкретно.

ДӘЛЕЛ *зат.* довод, доказательство, аргумент; даусыз ~ неопровержимый довод; бұлтартпайтын ~ вещественное доказательство; сендірерлік ~ убедительный аргумент.

ДӘЛЕЛДЕ - *ет.* доказать, мотивировать; Отанға

берілгендігін - у доказать свою преданность Родине; теореманы - п көрсету доказать теорему; өз ұсынысын - у мотивировать свое предложение.

ДӘМ *зат.* вкус; ұнамды - приятный на вкус; - ді тағам вкусная пища; \diamond - тату быть приглашенным в гости; астың - ін көру пробовать вкус пищи (снимать пробу).

ДӘМХАНА *зат.* закусочная; жол үстінде - бар по дороге есть закусочная.

ДӘН *зат.* зерно; ірі - крупное зерно; - ді кофе кофе в зернах; - тазалағыш зерноочистительная машина.

ДӘНДЕ - *ет.* повадиться, приучиться, привыкнуть; ол кітап оқуға - п алды он привык читать книги; - генді қою керек надо оставить свои привычки.

ДӘНЕҢЕ (дөнеме) *ес.* ничто, ничего; бұл - ге кедергі келтірмейді это ничему не помешает; мұның бәрі - емес это все ничего; - жоқ ничего нет.

ДӘПТЕР *зат.* тетрадь; қалың - общая тетрадь; нота - і нотная тетрадь; сурет салатын - тетрадь для рисования.

ДӘРЕЖЕ *зат.* степень, положение; белгілі - де в известной степени; - сі жоғары адам человек высокого положения; бірінші - лі первостепенный.

ДӘРІ *зат.* лекарство; - қолдану применять лекарство.

ДӘРІГЕР *зат.* врач; бас - главный врач; - шақыру вызвать врача; - лік көмек врачебная помощь; тіс - і зубной врач.

ДӘРІПТЕ - *ет.* восхвалять, воспевать; көп - ді много восхвалял; поэмада халық күші - леді в поэме воспеваётся народная сила.

ДӘРІХАНА *зат.* аптека; қалалық - городская аптека.

ДӘСТҮР *зат.* традиция, обычай; қалыптасқан - бойынша по установившейся традиции; ескі - старинный обычай.

ДӘУІР эпоха, период; геологиялық - геологическая эпоха; мұз - і ледниковый период.

ДЕ- *ет.* сказать; сіздің мұнымен не дегіңіз келеді? Что вы этим хотите сказать? Айтайын дегенімді айттым что хотел сказать, высказал; ештеме демеді ничего не сказал.

ДЕЙІН (шейін) *шыл.* служебное слово до; кешке - күту ждаты до вечера; он жасқа - гі балалар дети до десяти лет.

ДЕЛДАЛ *зат.* маклер, посредник; екі адамды келістіру - га тапсырылды решать спор поручено посреднику.

ДЕМ *зат.* дыхание; - шығармай затаив дыхание; қолдан - алдыру искусственное дыхание; мұрнынан - алдыру дышать носом.

ДЕМАЛЫС *зат.* 1) отдых; - күні день отдыха (воскресенье); 2) отпуск; кезекті - очередной отпуск; шығармашылық - творческий отпуск,

ДЕНЕ *зат.* тело; - мүшелері части тела; аспан - лері небесные тела.

ДЕНЕЛІ *сын.* рослый, крупный; - бала крупный ребенок; - жігіт рослый парень.

ДЕНСАУЛЫҚ (денсаулығы) *зат.* здоровье; күшті - крепкое здоровье; денсаулығыңыз мықты болсын крепкого вам здоровья.

ДЕНГЕЙ *зат.* 1) уровень; өзен суының - і уровень воды в реке; 2) *перен.* білім - і төмен низкий уровень знаний.

ДЕРБЕС *сын.* отдельный, особый, персональный; - пікір особое мнение; - зейнетақы персональная пенсия.

ДЕРЕК (*дерегі*) *зат.* 1) факт, данные; тарихи - исторический факт; цифрлы - тер цифровые данные; 2) кеткелі ешқандай - жоқ как уехал, с тех пор нет никаких вестей.

ДЕРЕУ *уст.* тотчас, быстро, скоро; - келем скоро прийду; ол - түсіне қойды он быстро понял.

ДИДАР *зат.* вид, облик; оның - ы жақсы она хороша на вид; сүйсінерлік - приятный облик.

ДИДАРЛАС - *ет.* встретиться, повидаться; достарымен - у ветреться с друзьями; туыстарымен - у повидаться с родными.

ДИҚАН *зат.* земледелец; - еңбегі труд земледельца.

ДИІРМЕН *зат.* мельница; жел - ветряная мельница.

ДОТАЛ *сын.* тупой; - бұрыш тупой угол.

ДОҒАР - *ет.* 1) распрягать; аттарды - у распрягать лошадей; 2) кончить, прекратить; ол сөзді - а қойды он закончил выступление.

ДОЙБЫ *зат.* шашки; - ойнау играть в шашки.

ДОЛДАН - *ет.* 1) сильно гневаться; сен неге сонша - асың за что ты так сильно гневаешься; 2) бушевать; теңіз - ды море забушевало.

ДОЛЫ *сын.* вспыльчивый, раздраженный; - адам вспыльчивый человек; - дауыс раздраженный тон.

ДОМАЛА - *ет.* катиться; күбі - п келеді катится бочка; таудан - у катиться с горы; допты - ту катать мяч; ◇ тасы өрге - у пойти в гору (о делах).

ДОМАЛАҚ *сын.* круглый; - арыз анонимка.

ДОМБЫРА *зат.* домбра//домбровый; - тарту играти на домбре; - оркестрі домбровый оркестр; - ты домбрист.

ДОҢЫЗ *зат.* 1) свинья, кабан; - еті свиное мясо 2) летоисчисление по 12-летнему животному циклу; - жылында туғанмын я родился в год Кабана.

ДОП (добы) *зат.* мяч; футбол добы футбольный мяч; - ты ойынға қосу ввести мяч в игру; - ты беру подать мяч; - ты қағып алу подхватить мяч.

ДОРБА *зат.* мешок, сумка; - ға салып қою положить в мешочек; қолында - бар у него в руке мешочек.

ДОС *зат.* 1) друг; жақын - близкий друг; екі - два друга; 2) дос: *парн.* к жар *собир.* - жар друзья; □ жаңа екі - тан ескі бір - артық старый друг лучше новых двух.

ДОСТАС - *ет.* подружиться; онымен кейін - ып кеттік позже мы с ним сдружились; онымен - уым керек я должен с ним подружиться.

ДОСТЫҚ (достығы) *зат.* дружба//дружеский; халықтар достығы дружба народов; - ты нығайту укреплять дружбу; - ретімен по дружбе, по-дружески; - көмек дружеская помощь.

ДӨҢ *зат.* возвышенность; - нен ету пройти возвышенность.

ДӨҢГЕЛЕ - *ет.* крутиться, вертеться, катиться; арбаның дөңгелектері - ді крутились колеса телеги.

ДӨҢГЕЛЕК (дөңгелегі) *зат.* круг, колесо//круглый; - стол басында за круглым столом; - шляпа круглая шляпа; - жүзді круглолицый.

ДӨП *үст.* как раз, впору, точно, кстати; оған киім - келді ему одежда подошла впору; сен - айттын ты сказал кстати.

ДӨРЕКІ *сын.* грубый, неотесанный, тупой; ~ істелген іс грубая работа; ~ қылық грубая выходка; ~ жігіт неотесанный парень; ~ адам тупой человек.

ДУМАН *зат* 1) веселье, шум; той ~ ы веселье праздника; 2) думан: *парн.* к той *собр.* той ~ жасау устраивать веселье.

ДҰРЫС *ұст.* правильно, верно// правильный, верный; есепті ~ шығару правильно решить задачу; ~ жауап правильный ответ; дипломның көшірмесі ~ копия диплома верна.

ДҰШПАН *зат.* враг, неприятель; ~ ға шабуыл жасау атаковать неприятеля; ~ ды қирату разбить врага; ◇ қас ~ ярый враг.

ДҰШПАНДЫҚ (душпандығы) *зат.* вражда, злость. злоба//враждебный; ~ әрекет враждебные действия; ~ пен айту сказать с злостью.

ДҮБІР *зат.* топот; аттың ~ і конский топот; сыртта - естіледі на улице слышен топот.

ДҮБІРЛЕ- *ет.* производить топот, стучаться; есік алдында ~ ген дыбыс естіледі во дворе слышен топот.

ДҮНИЕ *зат.* 1) мир, вселенная; ~ нің (әлемнің) пайда болуы происхождение мира; шексіз ~ бесконечная вселенная; бүкіл ~ бізге қарап отыр весь мир на нас смотрит; ◇ адамның ішкі ~ сі внутренний мир человека; 2) вещь; ~ сі көп у него много вещей; ◇ - ге келу появиться на свет; ~ ден қайту умереть; о ~ тот свет; ~ қоңыздық вещизм.

ДҮНИЕҚОР *сын.* жадный, мещанин; ~ лықпен өткен өмір жизнь, прошедшая в погоне за вещами.

ДЫБЫС *зат.* звук, голос; ~ шығару издавать звук; бөтен ~ посторонний звук; дауысты ~ гласный звук.

Е

ДЫМ I *зат.* влага, сырость//влажный; жердің беті ~ поверхность земли влажная.

ДЫМ II *ес.* ничего; ~ да түсінбеймін ничего не понимаю.

ДЫМҚЫЛ *сын.* влажный, сырой; ~ шүберек влажная тряпочка; ~ жер сырая земля.

ДЫҢЫЛДА- *ет.* звенеть, издавать брнчащий звук; қоңырау ~ ды звонок прозвенел.

ДІЛМАР *сын.* красноречивый, оратор; ~ адам красноречивый человек.

ДІН *зат.* религия; ~ дар адам религиозный человек; ~ и салт религиозный обряд; ◇ ~ нен шығу (безу) отречься от религии.

ДІРІЛДЕ- *ет.* дрожать, трястись; қолы ~ йді дрожат руки.

Е

Е *од.* (междометие в каз. языке) а, ну; е, солай ма? а, так?

ЕГДЕ *сын.* пожилой; ~ тартқан әйел пожилая женщина; ~ адам пожилой человек.

ЕГЕ- *ет.* обтачивать напильником; араны егеумен ~ у обтачивать пилу напильником.

ЕГЕР *шыл.* если, если бы; ~ жауын болмаса, біз экскурсияға барар едік если бы не было дождя, мы бы поехали на экскурсию; ~ мен өтінсем, онда қажет болғаны если я прошу, значить это необходимо; ~ ол осында болса ғой если бы он был здесь.

ЕГЕС- *ет.* спорить с кем-либо, препираться; түкке тұрмайтын нәрсеге ~ ті спорили о пустяках; жетер енді ~ у довольно препираться.

ЕГЕУ *зат.* напильник; үш қырлы - трехгранный напильник; жұмыр - круглый напильник.

ЕГІЗ *зат.* двойня, близнецы; ол - бала туды она родила двойню; - балалар брата-близнецы; ◇ - қозыдай ұқсас похожи, как две капли воды.

ЕГІН (или егіс) *зат.* 1) посев//посевной; - көлемін арттыру увеличить посевную площадь; - науқаны посевная кампания; 2) хлеб (в поле); күздік - озимые хлеба; жаздық - яровые хлеба.

ЕДӨУІР *уст.* значительно; - жақсы значительно лучше; - табыс значительный успех.

ЕДЕН *зат.* пол; тақтай - деревянный пол; - ді жуу мыть полы.

ЕЖЕЛДЕН *уст.* испокон веков, давным давно; давнишний; бұл - келе жатқан дәстүр этот обычай идет испокон веков.

ЕЖЕЛГІ *сын.* древний; - қазақ халқының тарихы древняя история казахского народа; - грек тілі древнегреческий язык; - тарих древняя история.

ЕЖІКТЕ- *ет.* читать по буквам и по слогам; сөздерді - п өрең айтып шықты с трудом прочитал слова по слогам.

ЕЗ I *зат.* болтун, пустомеля; ез адам болтун, пустомеля.

ЕЗ II *сын.* робкий, беспомощный; сен ез екенсің той ты, оказывается, робкий.

ЕЗ-ет. 1) давить, мять; жидекті езу раздавить ягоду; 2) развести, растворить; қантты шайға езу растворить сахар в чае; 3) *перен.* угнетать; мені жаман ойлар еседі меня угнетают плохие мысли.

ЕЗГІ *зат.* гнет, эксплуатация; құлдық - сі гнет рабства.

ЕЗУ *зат.* 1) угол рта; ~ тарту улыбасться; 2) гнет, угнетение, отаршылар ~ і күшейе түсті усилился колониальный гнет.

ЕЗУШІ угнетатель, притеснитель; ~ тап класс угнетателей; ~ тапты жойды ликвидировали класс угнетателей.

ЕГУ *ет.* 1) сеять, засевать, сажать; бидай егу сеять пшеницу; гүл егу сажать цветы; 2) прививать; шешек ауруына қарсы егу делать прививку против оспы.

ЕКПІН *зат.* 1) порыв; жел ~ і үйдің төбесін ұшырып өкетті порывом ветра сорвало крышу дома; 2) темп; жұмыстың ~ і темп работы; 3) *лингв.* ударение; сөз ~ і словесное ударение.

ЕКІ *сан.* два; ~ жерде - - төрт дважды два четыре; ~ апталық двухнедельный; ~ рет два раза; ~ кісілік двухместный; ~ жасар двухлетний; ~ қошқардың басы бір қазанға сыймайды две бараньи головы в казан не влезут (*т. е.* два самолюбивых человека не могут ужиться, им всегда тесно).

ЕКІЛЕН- *ет.* усиливаться; дауыл ~ е түсті ураган усилился; ~ іп сөйлеп тұр он говорит со все возрастающим гневом.

ЕКІЛІК (екілігі) *зат.* двойка; ол қазақ тілінен ~ алды он по казахскому языку получил двойку; басқа сабақтардан екілігім жоқ у меня по остальным предметам нет двоек.

ЕКІНШІ *сан.* второй; ~ класс второй класс; ~ подъездің алдында у второго подъезда; ~ сөзбен айтқанда другими словами.

ЕЛ *зат.* 1) население, народ; елді мекен населенный пункт; қаптаған ел масса людей; 2) страна; бас-

қа ел другая страна; ел аузына қақпақ бола алмай-сың народ не заставишь молчать.

ЕЛГЕЗЕК *сын.* 1) чуткий, шустрый, проворный; ~ адам чуткий человек; - бала шустрый мальчуган; 2) послушный.

ЕЛЕ- I *ет.* просеивать через сито, решето; ұнды - у просеять муку.

ЕЛЕ- II *сын.* заметить, обратить внимание; ол мені ~ меді он оставил меня без внимания; ◇ сөзін - меу не прислушиваться к словам.

ЕЛЕГІЗ- *ет.* тревожиться, чувствовать тревогу; ол түнімен - іп шықты он всю ночь чувствовал тревогу; оның жоқтығы мені ~ ітті меня тревожило его отсутствие.

ЕЛЕНДЕ- *ет.* озираться, осматриваться (пугливо); жан-жаққа ~ умен болды озирался по сторонам; ат ~ п тұр конь пугливо осматривается.

ЕЛЕС *зат.* призрак; өткеннің ~ і призрак прошлого; көзге ~ теу призрачное видение; - берді померещилось, промелькнуло.

ЕЛЕСТЕ- *ет.* смутно припоминать, мерещиться; оған бірдеңе ~ йді ему что-то мерещится.

ЕЛЖІРЕ- *ет.* размягчить, размякнуть; жүрегін ~ ту размягчить сердце; жүрегі - п, барлық ашуы тарқады сердце смягчилось и весь гнев прошел.

ЕЛУ *сан.* пятьдесят; ол ~ ге толды ему исполнилось пятьдесят лет; - інші жылдары пятидесятые годы.

ЕЛШІ *зат.* посол, посланник; шет елдерде ~ болып істейді работает послом в зарубежных странах; екі ел арасындағы - посланник двух стран.

ЕЛІ *зат.* мера длины (ширина одного пальца); төрт

~ тақтай доска шириной в четыре пальца; ◇ қасынан бір - тастамайды не отпускает ни на шаг.

ЕЛІК (елігі) зал. косуля; ~ тің еті мясо косули.

ЕЛІКТЕ- *ет.* подражать; құстың өніне - у подражать пению птиц; халық ертегісіне - у подражать народной сказке; біреуге - у подражать кому-либо.

ЕЛІР- *ет.* безумствовать, буйствовать, метаться; ол - уін қоймады он не переставал буйствовать; ауру түні бойы - іп шықты всю ночь больной метался в бреду.

ЕМ *зат. т. ж.* емдеу лечение; бір емді толық жасау пройти полный курс лечения; емдік заттар лечебное средство.

ЕМ- *ет.* сосать; емізік ему сосать соску.

ЕМДЕ- *ет.* лечит; дәрігерлер жарамды - ді врачы вылечили мою рану.

ЕМДЕЛ- *ет. страд.* от емде- лечиться; дәрігерге - у лечиться у врача; емханада - у лечиться в поликлинике; ол - іп жүр он лечится.

ЕМЕН *зат.* дуб; ~ ді орман дубовый лес; ~ нен жасалған гарнитур дубовый гарнитур.

ЕМЕС *шыл.* (частица отрицания) не; таныс емес незнакомая; ол келетін емес он не придет; ол жалғыз емес он не один.

ЕМЛЕ *зат.* орфография//орфографический; қазақ емлесі казахская орфография; ~ қатесі орфографическая ошибка.

ЕМТИХАН *зат.* экзамен; мемлекеттік - дар государственные экзамены.

ЕМХАНА *зат.* поликлиника; аудандық - районная поликлиника - га тіркелу зарегистрироваться в поликлинике.

ЕМШЕК *зат.* грудь//грудной, балаға - беру кормить ребенка грудью; ~ баласы грудной ребенок.

ЕМШІ *зат.* лекарь; ~ адамды емдейді лекарь лечит человека.

ЕМІЗ- *ет.* *понуд.* от ему кормить грудью.

ЕМІЗІК (емізігі) *зат.* соска; аузында емізігі бар бала ребенок с соской во рту.

ЕН I *зат.* метка на ухе; қойға ен салу делать метку на ухе барана.

ЕН II *зат.* ширина; көшенің ені ширина улицы; ені екі метр мата материя шириной в два метра; бөлменің ені ширина комнаты.

ЕН- *ет.* *входить, поступить;* бөлмеге ену войти в комнату; комиссияның құрамына ену войти в состав комиссии; \diamond түсіме енді видел во сне, приснилось.

ЕНДІ (ендігі) *уст.* теперь, следующий, будущий, в дальнейшем; - гі жылы на следующий год; - сенің кезегің теперь твоя очередь.

ЕНЕ *зат.* 1) свекровь; - м жақсы адам моя свекровь хорошая; 2) теща; қайын ~ ге күйеу баласы өз ұлындай у тещи зятек — любимый сынок.

ЕНТІК (ентігу) *ет.* запыхаться, страдать одышкой; қатты жүгіргендіктен ентігіп қалды запыхался от быстрой ходьбы; ~ пе болып ауыру страдать одышкой.

ЕНШІ *зат.* доля, наследство; ~ алу получить наследство; бұл оның - сіне тиді это досталось ему в наследство.

ЕҢ *уст.* самый, наи...; ең жақын досым мой самый близкий друг: ең жақсы адам самый хороший человек; ең қолайлы тәсіл наиболее удачный метод, способ; ең сенімді он жігіт наивернейших десять

молодцов (парней); ◇ ең алдымен прежде всего; сначала; ең ақырында в самом конце.

ЕҢБЕК (еңбегі) *зат.* труд//трудовой; дене еңбегі физический труд; ~ тәртібі трудовая дисциплина; ~ сүйгіш трудолюбивый; □ - еткеннің қарны тоқ кто трудится, тот и сыт.

ЕҢБЕКШІ *зат.* трудящийся; ~ лер бұқарасы трудящиеся массы; қала мен ауыл ~ лері трудящиеся города и деревни.

ЕҢКЕЙ- *ет.* наклоняться; баланың үстіне ~ ді склонился над ребенком; басыңды ~ т наклони голову.

ЕҢІРЕ- *ет.* рыдать; қатты ~ п жылау разрыдаться.

ЕҢСЕР- *ет.* завершить добрую половину работы; жұмысты ~ іп тастады он почти завершил работу.

ЕП (ебі) *зат.* ловкость, сноровка, умение; қолдың епті қимылы ловкость рук; ебі жоқ адам неловкий человек; □ ебін тапқан екі асайды кто сумел, тот два съел.

ЕР I *зат.* седло; ерге отыру сесть в седло; ағаш ер деревянное седло.

ЕР II *зат.* мужчина, муж; ~ көбі ер адамдар в основном мужчины; ерінің туыстары родня мужа; ерінің ағасы брат мужа; ерге шықпаған незамужняя; ер бала мальчик.

ЕР III *зат.* герой, богатырь//храбрый; ер жігіт храбрый парень; ◇ ер көңілді адам широкой натуры человек; ержүрек храбрый.

ЕР-ет. следовать за кем-нибудь; бала әжесіне еріп кетті мальчик ушел вместе с бабушкой; ◇ сөзге еру поддасться словам.

ЕРГЕЖЕЙЛІ *зат.* лилипут; ~ лер концертті концерт лилипутов.

ЕРЕГІС-*ет.* спорить, упрямиться, препираться; түкке тұрмайтын нәрсеге ~ у спорить о пустяках; менімен жоқ нәрсеге ~ пе ты со мной не препирайся по пустякам.

ЕРЕЖЕ *зат.* правила, положение; ойын ~ сін сақтау соблюдать правила игры; грамматикалық ~ лер грамматические правила.

ЕРЕКШЕ *үст.* особенно, особо; халық ~ көп болды было особенно много народу; ол музыкаға қабілеті жағынан бәрімізден ~ адам он отличается от нас особенной музыкальностью.

ЕРЕСЕК (ересегі) *зат.* подросток; оның үйінде ~ балалар бар у них дома дети-подростки; ~ термен жұмыс істеу работать с подростками.

ЕРЕУІЛ *зат.* забастовка; жаппай ~ всеобщая забастовка; ~ жасаушылар забастовщики.

ЕРКЕ *зат.* баловень, баловник, шалун; әжесінің ~ сі бабушкин баловник; түзелмейтін ~ неисправимый шалун; [] есер баладан ~ бала жаман капризный ребенок хуже легкомысленного.

ЕРКЕК (еркегі) *зат.* мужчина; үйде ~ жоқ в доме нет мужчин; ~ мінез мужской характер.

ЕРКЕЛЕ- *ет.* баловаться, капризничать; баланы ~ ту баловать ребенка.

ЕРКІН *сын. үст.* свободный, свободно, непринужденно; ~ сөйлесу разговаривать непринужденно; өзін ~ ұстау непринужденно держаться; ~ шығарма сочинение на свободную тему.

ЕРЛІ- зайып или байлы супруги; *зат.* ~ -зайыптылардың міндеті бала тәрбиелеу супружеская обязанность — воспитание детей; олардың ~ - байлы болғанына біраз болды много лет прошло с тех пор, как они стали супругами.

ЕРЛІК (ерлігі) *зат.* мужество, храбрость; ұрыста - көрсету проявит мужество в бою; ерлігімен айрықша көзге түсу отличатся храбростью.

ЕРМЕК (ермегі) *зат.* развлечение, забава; немересін - ету забавляться со своим внуком; балалардың ермегі детские забавы.

ЕРНЕУ *зат.* край чего-нибудь; стақанның - інен асыра құйды наполнил стакан до краев; - інен асып төгілу литься через край.

ЕРСІ *сын. ұст.* неприличный (-о), непристойный (-о); - қылық неприличный поступок; ол бір - сөз айтып қалды он сказал какую-то непристойность; - мінез-құлық непристойное поведение.

ЕРТ- *ет.* вести, повести (за собой); қонақты баққа - іп бару повести гостя в сад; мені - е кет возьми меня с собой.

ЕРТЕ *сын. ұст.* рано//ранний; - түскен қыс ранняя зима; - көктемде ранней весной; мен тым - келдім я пришел слишком рано; ертеңгілік утренник.

ЕРТЕГІ *зат.* сказка; - айту рассказать сказку; халық - лері народные сказки; - дегі алып сказочный богатырь.

ЕРТЕДЕ *ұст.* прежде, в прошлом, в старину, давно; - өткен уақиға событие, происшедшее в давние времена; - бір болғаным бар в прошлом я был один раз.

ЕРТЕҢ *ұст.* завтра, *т. ж.* ертеңгі; - күн бұлыңғыр болады завтра будет пасмурно; - нен бастап с завтрашнего дня; - гі күннің қамын ойлау позаботиться о завтрашнем дне.

ЕРТТЕ- *ет.* седлать; ат - у седлать коней; ат - уге үйрену научиться седлать коня.

ЕРІ (еру) *ет.* таять, плавиться; қар - п жатыр тает снег; жүрегі - ді сердце растаяло.

ЕРІК (еркі) *зат.* воля, свобода, возможность; құсты еркіне жіберу выпустить птицу на волю; ашуға - беру дать волю гневу; - бостандығы свобода воли; ол маған - берді он дал мне возможность.

ЕРІК (ерігу) *ет.* скучать, беситься (от безделия); ерігіп жүр скучает от безделия.

ЕРІН (ерні) *зат.* губа; калың - толстая губа, салпы - отвислая губа; - дауыстылары губные гласные; ернін шығару скривить губы,

ЕС *зат.* ум; есің дұрыс па? ты в своем уме? естен шығып кету из памяти вон; ес жию прийти в себя; есіне салу напомнить.

ЕС- I *ет.* свить, сучить; арқан есу свить аркан; жіп есу сучить нитки.

ЕС- II *ет.* грести; ескек есу грести веслами.

ЕСЕК (есегі) *зат.* ишак, осел; - жүгі ноша осла.

ЕСЕП (есебі) *зат.* 1) счет, расчет, отчет; ақшаның есебін жүргізу вести счет деньгам; дұрыс - правильный расчет; 2) задача; математикалық - математическая задача; - шығару решать задачу

ЕСЕПТЕ- *ет.* считать, подсчитывать; малдың құнын - у подсчитать стоимость скота.

ЕСЕПШІЛ *сын.* расчетливый; - адам расчетливый человек.

ЕСЕР *сын.* легкомысленный, придурковатый; - адам легкомысленный человек.

ЕСКЕК (ескегі) *зат.* весло; - пен есу грести веслами; - сіз қайық лодка без весел.

ЕСКЕР- *ет.* помнить, принимать во внимание, чтить; өз ерлерін - у помнить своих героев.

ЕСКЕРТ - *ет. понуд.* от ескеру, поминать, напомнить, предупредить; екінші рет ~ у вторично напоминать; жиналыс туралы ~ у напомнить о собрании.

ЕСКЕРТУ *зат. и.д.* от ескерт - примечание; өдетте, ~ кітаптың соңында беріледі примечание обычно даются в конце книги.

ЕСКІ *сын.* старый, ветхий, изношенный, поношенный; - үй ветхий дом; - дос старый друг; - көйлек старое, поношенное платье; - киім поношенная одежда.

ЕСКІР - *ет.* устареть, износиться, испортиться; ~ ген сөз устаревшее слово; ~ ген нан черствый хлеб.

ЕСТИЯР *сын.* взрослый; ~ балалар взрослые дети; бұл ~ дың ісі емес это не для взрослых.

ЕСТІ (*есту*) *ет.* слышать; сенен ~ дiм слышал от тебя; ◇ сөз есту слышать обвинения.

ЕСУАС *сын. зат.* ненормальный, психопат, псих; ~ адам ненормальный человек; ~ тан сұрама не спрашивай у психа.

ЕСІК (*есігі*) *зат.* дверь; темір ~ железная дверь; тар ~ узкая дверь; ~ алдына шығу выйти во двор; ◇ есік тоздыру надоедать.

ЕСІМ *зат.* 1) имя; оның ~ і Арман его имя — Арман; ~ і және өкесінің аты имя и отчество; 2) *грамм. зат* ~ имя существительное; *сын* ~ имя прилагательное; *сан* ~ имя числительное.

ЕСІМДІК (*есімдігі*) *зат. грамм.* местоимение; жіктеу есімдігі личное местоимение; сілтеу есімдігі указательное местоимение; өздiк есімдігі возвратное местоимение.

ЕСІМШЕ *зат. грамм.* причастие; ~ лі орам причастный оборот.

ЕСІНЕ- *ет.* зевать; аузын ашып - у зевать, раскрыв рот; - ді де, ұйықтап кетті зевнул и тут же заснул.

ЕТ *зат.* мясо; пісірілген ет вареное мясо; бұқтырылған ет тушеное мясо; қуырылған ет жареное мясо; \diamond ет алу поправиться.

ЕТ- *ет. вспом. гл.* делать; біреуге жақсылық ету делать добро кому-либо; біреуді бақытты ету делать счастливым кого-н; еңбек ету трудиться; \square қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті *букв.* ворона каркнула, сыр выпал *т. е.* что упало, то пропало.

ЕТЕК (етегі) *зат.* 1) подол; тонның етегі подол шубы; 2) подножие (горы); таудың етегі подножие горы; \diamond етегінен тарту препятствовать; - алу развиваться.

ЕТІК (етігі) *зат.* сапог; былғары - кожаные сапоги; - тігетін шеберхана сапожная мастерская.

ЕТІКШІ *зат.* сапожник; - етік тігеді сапожник шьет сапоги.

ЕТІС *зат. грамм.* залог; ортақ - совместный залог; ырықсыз - страдательный залог; өздік - возвратный залог; өзгелік - понудительный залог.

ЕТІСТІК *зат. грамм.* глагол/глагольный; - тің қосымшалары аффиксы глагола; - ті баяндауыш глагольное сказуемое.

ЕШ *ес.* (отрицание) ни; еш жан білмеу керек ни душа не должна знать; еңбегі еш болды напрасный труд; \square ештен де кеш жақсы лучше поздно, чем никогда.

ЕШКІ *ес.* коза//козий; - сүті козье молоко; - түбіті козий пух; - еті козлятина.

ЕШКІМ *ес.* никто; - келген жоқ никто не приходил; - ге айтпа никому не говори; - нен хат келген жоқ не было ни от кого писем.

ЕШҚАЙДА *ес.* никуда, нигде; - бармайсың никуда не пойдешь.

ЕШҚАНДАЙ *ес.* никакой (-ая, -ое); - кітап оқымайды не читает никаких книг.

ЕШҚАШАН *ес.* никогда; - көрмедім никогда не видел.

ЕШТЕМЕ *ес.* ничего, ничто; - болмайды ничего не случится.

Ж

ЖАБАЙЫ *сын.* дикий, одичалый; - жүзім дикий виноград; - алма ағашы дикая яблоня; - хайуанаттар дикие звери.

ЖАБДЫҚ (жабдығы) *зат.* средство, снаряжение; түрлі - тар разные средства; өндіріс - тары средства производства; ескери - тар воинское снаряжение.

ЖАБДЫҚТА - *ет.* снарядить, снабдить, оборудовать; экспедицияны - у снарядить экспедицию; армияны - у снабдить армию; балалар алаңын - у оборудовать детскую площадку.

ЖАБЫҚ *сын.* закрытый; - есік закрытая дверь; - жиналыс закрытое собрание.

ЖАБЫРҚАУ *ет.* унывать, быть в подавленном состоянии; көңілі - без настроения.

ЖАБЫС - *ет.* липнуть, прилипнуть, приклеиваться; қағаз қолға - ады бумага липнет к пальцам; аяққа саз - ты к ногам прилипла грязь; ол маған - ып қалмайды он прилип ко мне и не отстает.

ЖАБЫСҚАК *сын.* липкий, легко прилипающий; - балшық липкая грязь; - пластырь липкий пластырь.

ЖАҒА *зат.* 1) воротник; тік - стоячий воротник; қайырма - отложной воротник; 2) берег//береговой; теңіз - сы берег моря; - желі береговой ветер; - жай пляж.

ЖАҒАЛА - *ет.* ехать, идти (вдоль чего-либо); өзен - п жүру идти вдоль реки; жолды - у идти вдоль дороги.

ЖАҒДАЙ *зат.* условие, обстоятельство; қолайлы - лар благоприятные условия; тұрғын үй - лары жилищные условия.

ЖАҒЫМДЫ *сын.* 1) положительный; романның - кейіпкері положительный герой романа; 2) приятный; - иіс приятный запах; - дауыс приятный голос.

ЖАҒЫМПАЗ *сын.* подхалим, льстец; бастыққа - он подхалим; - адам льстивый человек (подхалим).

ЖАҒЫМСЫЗ *сын.* 1) отрицательный; - жауап алу получить отрицательный ответ; романның - кейшкері отрицательный герой романа; 2) неприятный, непривлекательный; - иіс цығып тұр неприятно пахнет; - сырт пішін непривлекательная внешность.

ЖАДЫРА - *ет.* 1) рассеяться, проясниться; жел бұлтты ыдыратып, күн - ды ветер рассеял тучи и день прояснился; дала - ды на дворе прояснилось; 2) *перен.* принимать веселый вид; оның көңілі - ды он повеселел; оның жүзі бүгін - нқы көрінді он, кажется, сегодня в более веселом настроении.

ЖАЗ *зат.* лето; - да демаламыз летом мы отдыхаем; салқын - прохладное лето.

ЖАЗ - I *ет.* писать; хат - у писать письмо; ол маған көптен бері - ған жоқ он мне давно не пишет; жазылым, жазылыс подписка.

ЖАЗ- II *ет.* развернуть, разгибать; газет - у развернуть газету, кілемді - у развернуть ковер; ◇ белін - бастан жұмыс істеу работать, не разгибая спины.

ЖАЗ- III *ет.* вылечить; ауруды емдеп - у вылечить больного; жаралыларды емдеп - у вылечить раненых.

ЖАЗА *зат.* наказание; - ға тарту подвергнуть наказанию: ең жоғары - высшая мера наказания; ауыр - тяжкое наказание.

ЖАЗАЛА - *ет.* наказывать, карать; қатты - у строго наказывать; айыптыларды - у наказать виновных.

ЖАЗАЛЫ *сын.* виновный; біреуді - деп табу признать кого-либо виновным; біреудің - екендігін анықтау установить чью-либо виновность.

ЖАЗБА (жазбаша) *сын.* письменный; - жұмыс письменная работа; өз ұсынысын - түрде беру изложить свое предложение в письменном виде; қазақ - әдебиеті казахская письменная литература.

ЖАЗҒЫ *сын.* летний; - демалыс летний отпуск; - жылы күн летний теплый день; - жайлау летнее джайляу.

ЖАЗҒЫР - *ет.* винить, обвинять кого-нибудь; босқа - у винить ни за что (зря); екі жүзділігі үшін - у обвинять в неискренности.

ЖАЗҒЫТҰРЫ *зат.* (жазғытұрым) весна, весной; - егіс науқаны басталады посевная кампания начинается весной.

ЖАЗДЫГҮНІ *үст.* летом; - ауылға барамыз летом поедем в аул; - дем алған қандай жақсы! как хорошо отдыхать летом!

ЖАЗУ *и. д.* от жаз письмо, почерк; араб - ы письмо на арабском языке оның - ы өте өдемі у него хороший почерк.

ЖАЗУШЫ *зат.* 1) писатель//писательский; қазақ - сы казахский писатель; ~ еңбегі писательский труд; 2) пишущий; осы жолдарды ~ пишущий эти строки.

ЖАЗЫҚ *сын.* ровный, плоский, равнина; ~ жер равнинная местность; жердің ~ беті плоская поверхность земли; шексіз ~ бесконечная равнина.

ЖАЗЫҚСЫЗ *сын.* невинный, невиновный, безвинный; ~ адам невинный человек; бұл істе ол ~ в этом деле он невиновен; ~ кінә тағу обвинить невиновного.

ЖАЗЫҚТЫ *сын.* виновный, виноватый; ол ~ он виновен; ешкім ~ емес никто не виноват; кінәсіз ~ без вины виноватый.

ЖАЙ *үст.* 1) просто; ~ дан ~ просто напросто, ~ келдім просто так пришел; 2) медленно, тихо; ~ басып жүру идти медленно; пойыз ~ жүріп барады поезд идет тихо; 3) положение; қиын ~ трудное положение; жұмыстың ~ ы положение дел.

ЖАЙ- (жаю) *ет.* пасти; малды далаға жаю пасти скот на лугу; 2) расстилать, развешивать; кілем жаю расстелить ковер; кір жаю развешивать белье.

ЖАЙДАРЫ *сын.* веселый, приветливый; ~ адам веселый человек; оның көңілі ~ у него веселое настроение; ~ мінез приветливый (веселый) характер.

ЖАЙҚАЛ- *ет.* колыхаться (о ниве); ~ ған көк майса колыхушная зеленая трава.

ЖАЙЛАУ *зат.* джайляу; мал ~ да скот находится на джайляу.

ЖАЙНА- *ет.* блестеть; ~ ған көздер блестящие глаза; ◇ көзі оттай ~ ды глаза горели, как огонь.

ЖАЙПАҚ *сын.* плоский; ~ төрелке плоская тарелка.

ЖАЙША *уст.* так себе; - айтып едім я это сказал просто так; мен онда - барған едім я просто так пошел туда.

ЖАЙШЫЛЫҚТА *уст.* обычно; олар - ғыдай киінген они одеты как обычно; - жұмысқа ерте келеді обычно он на работу приходит рано.

ЖАЙЫЛМА *сын.* 1) заливной (луг); - шабындық заливной луг; 2) *грамм.* - сөйлем распространенное предложение.

ЖАЙЫЛЫМ *зат.* пастбище: шалғайдағы - отгонное пастбище: малды - ға айдап келу пригнать скот на пастбище; таудағы - горное пастбище.

ЖАЙЫН *зат.* сом (рыба); - балық аулау ловить сома.

ЖАЙЫНДА (жайлы) *шыл. послелог.* о, про, батырлар - өңгіме айтты рассказывал о героях; ол өзінің сапары - өңгімелеп берді он рассказал про свою поездку.

ЖАҚ (жағы) *зат.* I 1) щека; жағын сипалау гладить по щеке; - қа салып жіберу ударить по щеке; 2) сторона, край; оң - правая сторона; біздің - наш край; 3) *грамм.* лицо; бірінші - первое лицо.

ЖАҚ (жағу) II *ет.* жечь, зажигать, топить; отын жағу жечь дрова; ол түні бойы шам жағып қойды у него всю ночь горела лампа; қағаздарды жағу сжечь бумаги; пешке от жағу затопить печь.

ЖАҚ (жағу) III *ет.* мазать, смазывать; нанға май жағу намазать на хлеб масло; кесілген жерге йод жағу смазать рану йодом.

ЖАҚ (жағу) IV *ет.* 1) нравиться; ол бөріне жағады он всем нравится; 2) быть полезным; бал оған - ты мед пошел ему на пользу.

ЖАҚСАР - *ет.* улучшаться; жағдайы ~ ды состоя-
ние улучшилось.

ЖАҚСЫ *сын.* хороший, добрый; ~ жігіт хороший
парень; ~ ат доброе имя; ◇ ~ көру любить; ◇ ~ мен
жолдас болу керек нужно дружить с хорошим чело-
веком.

ЖАҚСЫЛЫҚ (жақсылығы) *зат.* доброта, добро-
детель; ~ ету делать добро; жақсылығынды ұмытпай-
мын не забуду твою доброту.

ЖАҚТА - *ет.* заступаться, поддерживать кого-ни-
будь; бұл ұсынысты сессияға қатысқан көп депутат-
тар ~ ды это предложение поддержали многие депу-
таты, участвовавшие в сессии.

ЖАҚҰТ *зат.* рубин; ~ орнатқан алтын жүзік зо-
лотое кольцо с рубином.

ЖАҚША *зат.* скобка; шеңбер ~ круглые скобки; ~
ны жабу закрыть скобки.

ЖАҚЫН *сын.* 1) близкий, недалекий (о расстоя-
нии); ~ жер близкое расстояние; 2) близкий, родной
(о родственниках); ~ адам близкий человек; ◇ ~ ара-
да в скором времени.

ЖАҚЫНДА - *ет.* приближаться, подходить; ~ ма
маған! не подходи ко мне!

ЖАЛ I *зат.* грива; жылқының ~ ы конская грива;
~ ынан ұстау держаться за гриву.

ЖАЛ II *зат.* наемная работа; ~ ға жүру нанимать-
ся; ~ ақы заработная плата.

ЖАЛА *зат.* клевета, ложное обвинение; ~ жабу
оклеветать.

ЖАЛА - *ет.* лизать, облизывать; балмұздақ ~ у об-
лизывать мороженое; табанын ~ у пятки лизать, под-
лизываться.

ЖАЛАҚОР *зат.* кляузник, клеветник; ~ дың шағымы заявление кляузника.

ЖАЛАҢ (жалаңаш) *сын.* голый, непокрытый; ~ факт голый факт; ~ бас непокрытая голова; ~ аяқ босой; ~ сөз пустые слова.

ЖАЛАУ *зат.* флаг; мемлекет ~ ы государственный флаг; ~ көтеру поднять флаг.

ЖАЛҒА - *ет.* присоединять, привязывать; сымның үзілген жерін ~ у соединить оборвавшиеся провода; арқанның екі ұшын ~ уі соединить концы веревки; 2) *грамм.* септік ~ у падежное окончание; жіктік ~ у личное окончание; тәуелдік ~ у притяжательное окончание; көптік ~ окончание множественного числа.

ЖАЛҒЫЗ *сан.* один, единственный, одинокий; оның ~ өзінің қолынан келмес одному ему не под силу; ол ~ тұрады он живет один; ~ ғана жол единственный выход; ~ бала единственный сын; ~ үй одинокий дом; ~ бас адам одинокий человек; ~ басты аналарға жәрдем пособие одиноким матерям.

ЖАЛҒЫЗДЫҚ (жалғыздығы) *зат.* одиночество, уединение; ~ ты жек көру не любить одиночество; ~ ты жақсы көру любить уединение.

ЖАЛДА - *ет.* нанимать; адвокат ~ у нанимать адвоката; ол ат ~ ды он нанял лошадь.

ЖАЛДАМА *сын.* вольнонаемный; ~ жұмысшы вольнонаемный рабочий.

ЖАЛДАН - *ет.* *возвр.* от жалда наняться; жұмысқа ~ у наниматься на работу.

ЖАЛҚАУ *сын.* лентяй; лодырь//ленивый; ~ оқушы ленивый ученик; ~ жұмысшы ленивый рабочий; арамызда ~ лар да бар среди нас есть и лодыри.

ЖАЛҚАУЛЫҚ (жалқаулығы) *зат.* лень; өзінің жалқаулығынан из-за собственной лени; \diamond жалқаулығы ұстады разленился.

ЖАЛҚЫ *сын.* единственный, непарный, одинокий; - жігіт одинокий парень; 2) *грамм.* - есім собственное имя.

ЖАЛМАУЫЗ *зат.* обжора, в сочетании с “кемпір”: - кемпір Баба-Яга.

ЖАЛПАҚ *сын.* широкий; - дала широкая степь; - бет широколицый; \diamond - тіл просторечие.

ЖАЛПЫ *сын.* общий, всеобщий; - пікір общее мнение; - жиналыста на общем собрании; - ға бірдей мектеп оқуы всеобщее школьное обучение; - алғанда сіздікі дұрыс вообще вы правы.

ЖАЛПЫЛАМА *уст.* в общем; - айту говорить в общем (неконкретно).

ЖАЛТАҚ *сын.* нерешительный, несамостоятельный (о человеке): - адам нерешительный человек.

ЖАЛТАҚТА - *ет.* 1) оглядываться по сторонам, ози- раться; жан-жаққа - у посматривать (множественно) по сторонам; - май отыр не озирайся; 2) опасаться, не решаться; - й сөйлеу говорить нерешительно.

ТӘЖІРІБЕ *зат.* опыт, практика, эксперимент; өмір ~ сі мол богатый жизненный опыт; ~ жасау поставить опыт; ~ лі адам опытный человек; ~ сіз неопытный.

ТӘКАППАР *сын.* горделивый; ~ өйел горделивая женщина.

ТӘЛІМГЕР: ~ ұстаз, ~ жетекші наставник; ~ лік наставничество.

ТӘН I *зат.* тело; жан-тәнімен душой и телом.

ТӘН II *сын.* подобный, присущий; өзіне ~ подобный себе.

ТӘРБИЕ *зат.* воспитание; дене шынықтыру ~ сі физическое воспитание; тәлім - - обучение и воспитание; ~ лі воспитанный.

ТӘРБИЕЛЕ- *ет.* воспитывать; адалдыққа ~ у воспитывать честность.

ТӘРТІП (тәртiбi) *зат.* порядок, дисциплина; ~ ке салу навести порядок; ~ ке шақыру призвать к порядку; еңбек тәртiбi трудовая дисциплина; күн тәртiбi порядок дня.

ТӘРТІПТІ бала дисциплинированный мальчик.

ТӘСІЛ *зат.* прием, способ, метод; күрес ~дері приемы борьбы; оқыту ~ і метод преподавания.

ТӘТТІ *сын.* сладкий; ~ нан сладкий хлеб; ~ жүзім сладкий виноград.

ТӘУЕКЕЛ *зат.* 1) риск; біле тұра ~ ету зная, действовать на свой риск; 2) авантюра; ~ ге бел байлау пуститься в авантюру.

ТӘУЕЛДЕ- *ет. грамм.* ставить в притяжательной форме; зат есімді ~ у поставить существительное в притяжательной форме.

ТӘУЕЛДІ *сын.* 1) зависимый; - жағдайда болу быть в зависимом положении; 2) принадлежащий; ол оған - он ему принадлежит; 3) *грамм.* - форма притяжательная форма.

ТӘУЛІК (тәулігі) *зат.* сутки; бір - бойы сутки напролет; екі үш - тен соң через двое-трое суток; бес - бұрын пятью сутками раньше.

ТӘУІР *сын.* удовлетворительный, неплохой; ауа райы кешегіден - погода сегодня лучше, чем вчера; тұрмысы - неплохо живет.

ТЕБЕН *зат.* длинная толстая игла.

ТЕГЕНЕ *зат.* чаша; үлкен - большая чаша.

ТЕГІН *уст.* даром, бесплатно, безвозмездно; ~ алу получить даром; ауруды - емдеу бесплатно лечит больного.

ТЕГІС *сын.* ровный, гладкий; - жер равнина; ~ жол ровная дорога.

ТЕГІСТЕ - *ет.* ровнять, выровнять, подровнять; жолды ~ у разровнять дорогу; көйлектің етегі ~ у подровнять подол платья.

ТЕЗ *уст.* скоро, быстро; мен - келемін я скоро приду; ол - түсінеді он быстро соображает; тезірек быстрее; тездік скорость.

ТЕЗДЕТ - *ет.* ускорять; жұмысты ~ у ускорить работу; жылдамдықты ~ у увеличить скорость.

ТЕКЕМЕТ *зат.* большая кошма с узорами; ақ - белая кошма с узорами.

ТЕКСЕР - *ет.* исследовать, обследовать; проверять; ауруды ~ у обследовать больного; құжаттарды ~ у проверка документов.

ТЕКТЕС *сын.* однородный; ~ заттар однородные предметы; *матем.* - шама однородные величины.

ТЕКШЕ *зат.* 1) куб//кубический; ~ қобдилар кубические ящички; 2) ряд, полки; кітаптар - леп қойылған книги поставлены в ряд; шкафтың - сінде тұр стоит на полках шкафа.

ТЕЛМІР- *ет.* жалобно смотреть; асқа - у жалобно смотреть, ожидая подачи пищи.

ТЕМЕКІ *зат.* табак//табачный; шылымдық - курительный табак; ~ шаруашылығы табачное хозяйство.

ТЕМІР *зат.* железо//железный; ~ ден жасалған бұйымдар изделия из железа; ~ қақпа железные ворота.

ТЕМІРЕТКІ *зат.* лишай; ~ ден құтылу избавиться от лишая.

ТЕМІРҚАЗЫҚ (темірқазығы) *зат.* Полярная звезда.

ТЕНТЕК *зат.* шалун, озорник//шаловливый; түзелмейтін - неисправимый шалун; ~ бала шаловливый мальчик, озорник.

ТЕҢ *сын.* равный; ~ күш равные силы; ~ бұрыш - равноугольный (треугольник); тепе- ~ совершенно равный.

ТЕҢГЕ *зат.* рубль; екі - два рубля; бір - лік рублевка

ТЕҢГЕР- *ет.* уравновесить; таразының екі басын - у уравновесить чашки весов.

ТЕҢДЕ- *ет.* см. теңгеру.

ТЕҢДІК (теңдігі) *зат.* равноправие, ~ алу добиться равноправия.

ТЕҢІЗ *зат.* море; ~ ге шығу выйти в море; ~ арқылы жүзу плыть по морю.

ТЕПКІ *зат.* пинок, удар ногой; ◇ - сіне көну перенести обиду; ~ көру (жеу) получить пинок.

ТЕР *зат.* пот; маңдайынан - шықты выступил пот на лбу - бұршақтап ақты пот полился градом; ◇ босқа арам - болу трудиться напрасно; қара - ге түсу обливаться потом (сильно трудиться).

ТЕР- *ет.* 1) собирать, подбирать; мақта - у собирать хлопок; шашылған заттарды - у подбирать разбросанные вещи; әріп - у набирать буквы (в типографии).

ТЕРГЕ- *ет.* расследовать, проводить следствие; істі - у расследовать дело.

ТЕРГЕУ- *ет.* - жүргізу вести расследование; - ші следователь.

ТЕРЕЗЕ *зат.* окно; үлкен - большое окно; - жуу мыть окна; ◇ - сі тең равный в правах.

ТЕРЕК (тереп) *зат.* тополь; биік - высокий тополь; - ті тоғай тополиная роща.

ТЕРЕҢ *сын.* 1) глубокий; - құдық глубокий колодец; - өзен глубокая река; 2) *перен.* - ой глубокая мысль; білім глубокое знание.

ТЕРЕНДЕ- *ет;* 1) углубляться; су қоймасы - п келеді водоем становится глубже.

ТЕРЛЕ- *ет.* потеть; ол қатты - ді он сильно вспотел; терзелер - п тұр окна запотели.

ТЕРМЕ *зат.* 1) форма стихотворения; 2) - ою орнамент.

ТЕРІ *зат.* шкура, кожа//кожевенный; қой - сі овчья шкура; - илеу выделять кожу; - заводы кожевенный завод; ◇ - сі тар адам обидчивый, вспыльчивый человек.

ТЕРІС *сын.* неправильный; - пікір неправильное суждение; - түсінік неправильное понятие; мінез - вредный характер.

ТЕРІСКЕН *зат.* ячмень; көзіне - шықты у него вскочил ячмень на глазу.

ТЕС- *ет.* продырявить, просверлить, проткнуть; бізбен - у проткнуть шилом; бұрғымен - у просверлить сверлом.

ТЕСІК (тесігі) *зат.* дыра, //дырявый; киімі шұрық - его одежда вся в дырах; - қазан дырявый котел; ◇ кірерге - таппау сильно стесняться; қалтасының түбі - щедрый; төбесі - понимающий чужой язык.

ТЕСІРЕЙ (тесірею) *ет.* смотреть, вытаращив глаза, уставиться; ол маған - е қарады он смотрел на меня, вытаращив глаза.

ТЕТЕ *см.* тетелес.

ТЕТЕЛЕС *зат.* погодки; біз екеуміз - піз мы с ним погодки.

ТЕТІК (тетігі) *зат.* 1) механизм; машинаның ішкі тетігі внутренний механизм машины; 2) прием, способ; әрбір жұмыстың өз тетігі бар у каждой работы есть свои приемы, способы.

ТИ (тию) *ет.* 1) касаться, трогать, задеть; қолы қап-қатты бір денеге тиді рука коснулась чего-то твердого; 2) достаться; оған ең үлкен участок тиді ему достался самый большой участок; 3) обижать, задевать; саған кім тиді? кто тебя обидел? 4) выйти замуж; қойшыға күйеуге тиіпті вышла замуж за чабана; ◇ ауыз тию пробовать пищу; пайдасы тию принести пользу; ауыр тию сильно задеть; тісі тісіне тимейді зуб на зуб не попадает (замерз); қолы тимеді не было времени; көз тию сглазить.

ТИГІЗ- *ет. понуд.* от тию 1) коснуться; қолын столға - у касаться рукой стола; 2) трогать; көрмедегі заттарға қол - уге болмайды экспонаты трогать ру-

ками запрещається; \diamond тіл - у оскорбить; жәрдемін, көмегін - у помогать.

ТИЕ- *ет.* грузить, нагружать; вагондарға астық - у загружать хлеб в вагоны; шөп - у нагрузить сено.

ТИЕК (тиегі) *зат.* струнная подставка у домбры, балалайки, гитары; домбыраға - жасау делать струнную подставку для домбры; тілде - жоқ язык без костей.

ТИЫН *зат.* копейка; бес - пять копеек; көк - ы жоқ нет ни копейки.

ТИІМДІ *сын.* выгодный; екі жаққа да - выгодно обеим сторонам; - жұмыс выгодная работа.

ТИІН *зат.* белка//беличий; ағаштың басынан - көрдім на макушке дерева я увидел белку; - ішік беличья шуба.

ТИІС *сын.* необходимый; должный; маған - ті ақша положенная мне сумма; ол айтуға - он должен говорить; солай етуге - еді ему было необходимо так поступить; - ті жұмыс положенная работа.

ТИІС- *ет.* задевать, трогать; өдейі - у специально задевать; трогать; ол маған - е берді он без конца задевал меня.

ТИЯНАҚТЫ *сын.* постоянный, устойчивый; - білім устойчивые знания; - адам постоянный человек.

ТОБЫҚ (тобығы) *зат.* лодыжка; тобығына оқ тиген екен пуля попала в лодыжку.

ТОБЫЛҒЫ *зат.* - сапты қамшы плетка с рукояткой из таволги.

ТОҒАЙ *зат.* лес; - ға бару идти в лес.

ТОҒЫЗ *сан.* девять; - күн қалды осталось девять дней; - құмалақ национальная игра.

ТОЗ- *ет.* 1) износиться, обветшать; оның киімі - ды одежда его изнасилась; 2) *перен.* истощать, исхудать; - ып кетті я истощился.

ТОЙ *зат.* пир, пиршество, свадьба, праздник; ұлан-асыр - жасау закатыть пир на весь мир; - ға өзірлену приготовиться к свадьбе.

ТОЙ- (тою) *ет.* наестся, насытиться; мен - дым я наелся; 2) *перен.* надоест; мен оған - ып болдым он мне надоел.

ТОЙҒЫЗ- *понуд.* от тою накормить досыта; мен оны - ып жібердім я его накормил досыта.

ТОЙДЫР- *ет.* см. тойғызу.

ТОЙЛА- *ет.* пировать, праздновать, отмечать; мерекені бірге - у вместе отмечать праздник; туған күнін - у отмечать день рождения.

ТОЙТАР- *ет.* 1) загнуть, шегенің ұшын - у загнуть конец гвоздя; 2) остановить; жауды - у остановить врага.

ТОҚ *сын.* сытый; ол - адам он сыт по горло; - ат сытый конь; ас қадірін - білмес сытый голодного не разумест.

ТОҚПАҚ (тоқпағы) *зат.* колотушка; - пен ұру бить колотушкой.

ТОҚСАН *сан.* 1) девяносто; - ға келген әже девьаностолетняя бабушка; 2) квартал; - ның аяғы конец квартала; - бойы за квартал.

ТОҚТА- *ет.* остановиться, встать; жұмыс - п қалды работа остановилась; сағат - п тұр часы встали.

ТОҚТАМ *зат.* решение; бір - ға келу прийти к решению.

ТОҚТЫ *зат.* ягненок, которому более шести месяцев; - лар биыл семіз в этом году ягнята упитаны.

ТОҚЫ (тоқу) *ет.* ткать, вязать; шлем тоқу ткать ковер; шәлі тоқу вязать шаль; ◇ көңілге тоқу намотать на ус.

ТОҚЫМА *сын.* вязаный; ~ көйлек вязаное платье; ~ фабрикасы ткацкая фабрика.

ТОЛ- *ет.* 1) наполняться; күбі суға ~ ды бочка наполнилась водой; алаң халыққа ~ ды площадь заполнилась народом; 2) исполняться; ол он бес жасқа ~ ды ему исполнилось пятнадцать лет ◇ лық ~ ы битком набитый.

ТОЛЫҚ *сын.* полный, толстый; ~ әйел полная женщина; ~ адам толстый человек.

ТОЛЫҚТАУЫШ *зат. грамм.* дополнение; тура ~ прямое дополнение; жанама ~ косвенное дополнение.

ТОЛЫҚТЫР- *ет.* дополнить; алғашқы жауапты ~ у дополнить предыдущий ответ.

ТОМАҒА *зат.* намордник у охотничьих птиц и собак; ~ сын салу (кигізу) надеть намордник.

ТОН *зат.* шуба, тулуп; түлкі ~ лисья шуба; сенсең ~ овчинный тулуп.

ТОНА- *ет.* грабить, ограбить; біреудің мүлкі ~ у грабить имущество кого-либо; үйді ~ у ограбить дом; жолаушыларды ~ у ограбить пассажиров.

ТОҢ *зат.* мерзлота; мәңгі ~ вечная мерзлота; ◇ ~ мойын твердолобый, с твердым характером.

ТОҢ- *ет.* зябнуть, мерзнуть; қолы ~ ды руки замерзли; қатты ~ у сильно замерзнуть.

ТОҢАЗЫ- *ет.* застывать, быть слегка замороженным; жер ~ ды земля застыла; тоңазытқыш холодильник.

ТОП (тобы) *зат.* группа, толпа, скопище; бір ~ оқушы группа учащихся; бір ~ халық толпа народа; тары ~ дикое скопище.

ТОПТА- *ет.* группировать, собирать; бір жерге - у собрать в одно место; ~ ма серия, цикл.

ТОПЫРАҚ (топырағы) *зат.* земля, почва; ~ пен толтыру засыпать землей; құнарлы ~ плодородная почва; ~ ты өңдеу обработка почвы.

ТОПЫРЛА- *ет.* толпиться, ходить толпой, скопищем; ~ ған халық толпящийся народ.

ТОР *зат.* сетка, сеть; балық аулайтын ~ сети для ловли рыбы; құс ұстайтын ~ сеть для ловли птиц; ~ ға түсу попасть в сети, оказаться в безвыходном положении.

ТОРАЙ *зат.* поросенок; ~ дың еті мясо поросенка.

ТОРАП (торабы) *зат.* перекресток, узел; үш жолдын, торабы перекресток трех дорог; темір жол торабы железнодорожный узел.

ТОРҒАЙ *зат.* общее название мелких птиц; боз ~ жаворонок; қара ~ скворец; суық ~ воробей.

ТОРЫ *сын.* гнедой, (масть лошади); ~ ат гнедая лошадь; ◇ қара - жігіт брюнет.

ТОС- *ет.* ждать; жолдасын ~ у ждать товарища.

ТОТЫ *зат.* павлин; ~ ның құйрығы павлинный хвост.

ТОТЫҚ (тотығы) окись; көміртек тотығы окись углерода.

ТӨБЕ *зат.* 1) холм; - лі жер холмистая местность; 2) потолок, крыша; үйдің ~ сі биік потолок дома высокий; қаңылтыр - железная крыша; 3) вершина (горы); таудың ~ іне шығу подниматься на вершину горы; ◇ ~ сі көкке жету быть на седьмом небе; ~ топ верхушка.

ТӨБЕЛЕС *зат.* драка; ~ шығару затеять драку; ~ ке араласу влезть в драку; ~ кіш драчун.

ТӨЗ- *ет.* терпеть, переносить; ауруға ~ у терпеть боль; зәбірге ~ беу не стерпеть обиду; қиындыққа ~ у перенести трудности.

ТӨЗІМ *зат.* терпение, выдержка; ~ і жетпеу потерять терпение; ~ көрсету проявить выдержку.

ТӨЗІМДІ *сын.* терпеливый, выдержанный, выносливый; ~ адам терпеливый человек; ~ мінез выдержанный характер; ~ ат выносливый конь.

ТӨК (төгу) *ет.* 1) выливать, разливать, проливать, высыпать; су төгу вылить воду; құмырадағы сүтті төгіп алу пролить молоко из кувшина; қаптағы кант төгіліп қалды высыпался сахар из мешка; 2) разбазаривать, транжирить, байлығын төгу разбазаривать богатство; ◇ абыройын төгу опозориться; потерять честь.

ТӨЛІ *зат.* приплод; малдың ~ рі приплод скота: ~ хана помещение для ягнят.

ТӨЛДЕ- *ет.* приносить приплод; мал ~ и бастады скот начал давать приплод.

ТӨЛЕ- *ет.* платить, уплатить, возмещать убытки; пәтер ақы ~ у платить за квартиру; мезгілінен бұрын ~ у уплатить раньше срока.

ТӨМЕН *үст.* вниз; ~ түсу спуститься вниз; сапасы ~ заттар низкое качество товаров; үйдің ~ гі қабаты нижний этаж дома.

ТӨМЕНДЕ- *ет.* снижаться опускаться вниз; ұшақ ~ п келеді самолет снижается; бағаны ~ ту снизить цену; жұмыстың қарқынын ~ туге болмайды нельзя снижать темпа работы; қызметтен ~ у понизиться в должности.

ТӨМПЕШІК (төмпешігі) *зат.* бугорок, кочка; кішкентай ~ маленький бугорок.

ТӨҢКЕРІС *зат.* переворот; мемлекеттік - государственный переворот; ғылымдағы - переворот в науке.

ТӨҢІРЕК (төңірегі) *зат.* окрестность; қаланың төңірегінде окрестностях города.

ТӨҢІРЕКТЕ - *ет.* околачиваться; ол осы маңайды - п жүр он околачивается где-то здесь.

ТӨР *зат.* почетное место гостей в доме; - гі бөлме гостиная, - ге шығыңыз проходите на почетное место.

ТӨРЕ *зат. ирон.* начальник (господин); 2) *ист.* аристократ; - тұқымы предки аристократов; - шіл бюрократ; - шілдік бюрократизм.

ТӨРКІН *зат.* 1) родня замужней женщины: - іне бару ездить к родственникам; - шіл предпочитающая своих родственников; 2) суть; сөздің - і суть слова.

ТӨРТ *сан.* четыре; - бала четыре мальчика; біз - уіміз нас четверо; - - - тен санау считать по четыре; - тік четверть; - інші четвертый; - қырлы четырехгранный.

ТӨС *зат.* грудь; апай - широкая грудь; - тік грудинка.

ТӨСЕК (төсегі) *зат.* постель, перина; баланы төсекке жатқызды положил ребенка в постель; - орынды жинау убрать постель.

ТӨСЕНІШ *зат.* половик; - ті қағу вытряхивать половик.

ТӨСКЕЙ *зат.* склон горы; таудың - інде мал жайылып жүр на склоне горы пасется скот.

ТӨТЕ *сын.* прямой; - жол прямая дорога; - кету ехать напрямик.

ТӨТЕНШЕ *сын.* чрезвычайный; - оқиға чрезвычайное событие.

ТУ I *зат.* знамя; ту тігу водрузить знамя.

ТУ II *сын.* яловая; ту сиыр яловая корова; ту бие яловая кобыла.

ТУ- *ет.* родить, произведение; ол ұл туды она родила сына; жаңа туынды новое произведение; туған күн день рождения.

ТУЛА- *ет.* прыгать, чтобы сбросить с себя седока; астындағы аты - п жүр лошадь старается сбросить с себя седока.

ТУРА *сын.* прямой; - жол прямая дорога; мен - сіздің үйге барамын я еду прямо к вам домой; ◇ - сын айту говорить прямо; - жүру быть честным, справедливым.

ТУРА- *ет.* резать, крошить; ет - у резать мясо на мелкие куски нан - у нарезать хлеб.

ТУРАЛЫ *шыл.* (служ. слово, послелог) о, про; жеңіс - хабар весть о победе; өзі - про себя.

ТУЫС *зат.* родной, родственник; өкемнің - тары родственники отца; оның туған- - тары көп у него много родных.

ТҰЖЫРЫМ *зат.* заключение, закругление; бір - ға келу выводить заключение; - жасау закругляться.

ТҰЗ *зат.* соль; ас - ы поваренная соль; - себу посыпать солью; - ы татымау недосолить; - ы жеңіл адам безобидный человек.

ТҰЗАҚ (тұзағы) *зат.* силки, капкан; шілге - құру ставить силки на глухаря; - құру расставлять силки, капкан.

ТҰЗДА- *ет.* солить; ет - у солить мясо; саңырау-құлақ - у солить грибы.

ТҰЗДЫҚ (тұздығы) *зат.* соус, приготовленный для мяса по-казахски; *етке* ~ құю полить мясо соусом; ◇ тұздығы жоқ сөз бессодержательная речь.

ТҰЙЫҚ (тұйығы) *зат.* тупик; ~ на тірелу попасть в тупик; *грамм.* ~ етістік неопределенная форма глагола.

ТҰҚЫМ *зат.* 1) семена, семя; пияздың ~ ы семена лука; ~ сақтау хранить семена; ~ тазалау чистить семена; 2) потомство, поколение; ◇ ~ ың көбейсін пусть увеличится твое потомство; ~ дық мал племенной скот.

ТҰМАН *зат.* туман; кеше күні бойы ~ болды вчера весь день был туман.

ТҰМАУ *зат.* простуда, насморк; ~ тиіпті простудился;

ТҰМСЫҚ (тұмсығы) *зат.* морда, рыло (у животных), клюв; қаздың тұмсығы клюв гуся; ◇ бөтенкенің тұмсығы носок ботинка; тұмсығын бұзу разбить нос в кровь.

ТҮН- *ет.* отстаивать, оседать (об осадке); су ~ ып қалыпты вода отстоялась.

ТҮНШЫҚ (тұншығу) *ет.* задыхаться; тұншығып кеттім я задохнулась.

ТҮНЫҚ *сын.* прозрачный; ~ су прозрачная вода.

ТҮҢФИЫҚ *сын.* 1) глубокий; теңіз глубокое море; түпсіз терең ~ глубокая бездна; 2) *перен.* ~ адам скрытный человек.

ТҮҢҒЫШ *сын.* первый; ~ бала первенец; ~ еңбек первый труд.

ТҰР- *ет.* 1) стоять; бөлмеде тұр стоит в комнате; 2) встать; орнынан ~ у встать с места; 3) жить; калада ~ у жить в городе; 4) состоять из: элементтерден ~ ады

состоит из элементов; 5) как вспомогательный глагол; айтып - у говорить; \diamond жұмысқа - у устроиться на работу; түкке - майды ни к чему не годится.

ТҰРМЫС *зат.* жизнь, быт; жақсы - хорошая жизнь; - жағдай бытовые условия; \diamond - қа шығу выйти замуж.

ТҰТАС *сын.* сплошной, целый, неразрывный; - зат целая вещь; - қан мұз сплошной лед.

ТҰТҚА *зат.* 1) ручка, скоба; есіктің - сын жұлып алу оторвать ручку двери; 2) опора; осы үйдің - сы опора этой семьи.

ТҰТҚЫН *зат.* пленный, узник; - дардың қол-аяғын шешу развязать руки и ноги пленным; - ға алу взять в плен.

ТҰЦЫ *сын.* пресный; - су пресная вода.

ТҰБІР *зат.* 1) пень, см. томар; 2) *грамм.* корень слова: сөздің - ін табу найти корень слова; - імен құрту уничтожить (вырвать с корнем).

ТҮБІТ *зат.* пух//пуховый; ешкінің - ін тарау расчесывать козий пух; - орамал пуховый платок

ТҮГЕЛ *ес.* весь, целиком, сполна; сабақта бөрі - все на уроке; - імен жұтып қою проглотить целиком.

ТҮГЕЛДЕ - *ет.* проверять, сосчитать; - п шығу проверить наличие; малды - у сосчитать скот.

ТҮГЕНДЕ - *ет.* см. түгелдеу.

ТҮЗЕ - *ет.* 1) ровнять; қатар - у ровнять ряды; \diamond бетін - у взять правильное направление; 2) исправлять; сағатты - у исправить часы; денсаулығын - у поправить здоровье.

ТҮЗЕЛ - *ет.* *страд.* от түзеу исправиться, поправиться; ол сөзсіз - еді он, несомненно, исправится; _____

сын - мей, мін - мес без справедливой критики нельзя устранить недостатки.

ТҮЗЕТ- *ет. понуд.* от түзе - исправить, выправить; қатесін ~ у исправить ошибку; темірді ~ у выправить железку.

ТҮЗУ *сын.* 1) прямой; - сызық прямая линия; 2) правильный; - келе жатыр правильно идет; ◇ - адам правильный человек; - жолға салу направить на правильный путь.

ТҮЙ (түю) *ет.* 1) толочь; тары тую толочь просо; 2) ударить жұдырығымен - іп қалды стукнул кулаком.

ТҮЙ (түю) II *ет.* 1) завязать в узелок; ақшаны орамалға түю завязать деньги в платок; 2) чувствовать, знать; - генімді айтып берейін расскажу, что я чувствую; ◇ жұдырығын түю показать кулак; қабағын түю нахмуриться.

ТҮЙЕ *зат.* верблюд//верблюжий; - ыстыққа төзімді верблюд хорошо выносит жару; - жүні верблюжья шерсть.

ТҮЙМЕ *зат.* пуговица; темір - железная пуговица; - қадау пришивать пуговицу; □ дейді түйедей ету делать из мухи слона.

ТҮЙРЕ- *ет.* приколоть, пришилить; түйреуішпен - у приколоть булавкой; найзамен - у приколоть штыком; ◇ сөзбен - у говорить колкости.

ТҮЙРЕУІШ *зат.* булавка, шпилька; өдемі - красивая булавка.

ТҮЙІН *зат.* узел; арканый. ~ і қатты узел аркана крепок; ағаштан ~ түю уметь из ничего сделать что-то (быть мастером на все руки); ол — ағаштан - түйетін шебер он — искусный мастер (мастер — золотые руки).

ТҮЙІНШЕК (түйіншегі) *зат.* узелок; заттарын ~ етіп байлау связать вещи в узелок.

ТҮЙІР *зат.* крошка, крупинка, зернышко; бір ~ дән зернышко; ~ нан крошка хлеба.

ТҮК (түгі) *зат.* волоски (на теле); қолдын түгі волоски на руках; кілемнің түгі ворс ковра; ~ ке тұрмайды совершенно негодный.

ТҮК *ес.* ничего; ~ білмеу ничего не знать.

ТҮКПІР *зат.* 1) отдаленный уголок; сонау жердің ~ і самый отдаленный уголок земли; 2) угол; сарайдың ~ інде в углу сарая.

ТҮКІР- *ет.* плевать; жерге ~ у сплунуть на землю.

ТҮКІРІК (түкірігі) *зат.* плевок; түкірігін шашырату брызгать слюной.

ТҮЛЕК (түлегі) *зат.* поколение; жас ~ молодое поколение; біздің мектептің түлегі выпускник нашей школы.

ТҮЛКІ *зат.* 1) лиса; қара сұр ~ чернобурая лиса; 2) *перен.* хитрый, плутоватый; айлакер ~ хитрая лиса (о человеке).

ТҮЛІК (түлігі) *зат.* вид (животных); төрт ~ малға: қой, сиыр, жылқы, түйе, жатады к четырем видам животных относятся овца, корова, лошадь, верблюд;
◇ төрт түлігі сай жить в достатке.

ТҮН *зат.* ночь; ~ ортасы глубокая ночь; қайырлы спокойной ночи; ~ імен ұйықтамау не спать всю ночь.

ТҮҢГІ *сын.* ночной; ~ күзетші ночной сторож; ~ жұмыс ночная работа.

ТҮНЕ- *ет.* переночевать, ночевать; бір ~ п шығу переночевать одну ночь; далада ~ у ночевать под открытым небом.

ТҮНЕР- *ет.* 1) хмуриться; күн ~ іп түр день хмурится; 2) *перен.* хмуриться; ~ ген адам хмурый человек.

ТҮП (түбі) *зат.* 1) дно; теңіздің түбінде на дне моря; 2) куст; бір ~ жүзім куст виноградника; 3) около, возле, под; үйдің түбінде возле дома; ағаштың түбінде под деревом; ◇ жердің түбінде край света.

ТҮПКІ *сын.* коренной, основной; - мақсат основная цель; - тіс коренной зуб.

ТҮПСІЗ *сын.* бездонный; - теңіз бездонное море; - күбі бездонная бочка.

ТҮПТЕ- *ет.* 1) переплетать; кітапты ~ у переплетать книгу; 2) окучивать; картопты ~ у окучивать картофель; 3) вставлять дно; шелекті ~ у вставлять дно ведра.

ТҮР *зат.* вид, форма; сабырлы ~ серьезный вид, шаруашылық ~ і вид хозяйства; сөз ~ лері формы слова.

ТҮР- *ет.* засучить; жеңін ~ у засучить рукава; ◇ сөзге құлақ ~ у прислушиваться.

ТҮТІН *зат.* дым; пештің ~ і дым печи; - шығару выпускать дым.

ТҮТІНДЕ- *ет.* дымиться; үй іші ~ ді задымился дом.

ТҮШКІР- *ет.* чихать; қатты ~ у сильно чихать.

ТЫҒЫЗ *сын.* 1) плотный; ~ орналасқан халық плотно населенный народ; 2) срочный, экстренный; ~ шаруасы болу иметь срочную работу; 3) тесный; ~ байланысты тесно связанный.

ТЫҒЫЗДА- *ет.* уплотнять, набить до отказа; жүнді ~ п қаптау положить шерсть в мешок до отказа (утрамбовать).

ТЫҒЫЛУ - *ет. страд.* от тығу 1) прятаться; балалар үйдің артына - ды дети спрятались за домом; *перен.* захлебываться; - ып өрең сөйлеу говорить захлебываясь; ◇ көзіне жас - ды на глаза навернулись слезы; көзіне ұйқы - у хочет спать.

ТЫҒЫН *зат.* пробка, затычка; шөлмек - ы бутылочная пробка; шүберек - затычка из тряпки.

ТЫҒЫНДА - *ет.* заткнуть; шөлмекті - у заткнуть бутылку; ◇ біреудің аузын - у заткнуть рот кому-нибудь.

ТЫЙ (тыю) *ет.* 1) запрещать; темекі тартуды тыю запретить курить; 2) приостановить, содержать; жараның қанын тыю приостановить кровотечение раны; көздің жасын тыю сдержатъ слезы.

ТЫЙЫЛ - *ет. страд.* от тыю приостановить, прекратить; көз жасы - ды перестал плакать; ұрлық - ды перестали воровать.

ТЫЙЫМ *зат.* 1) запрет; - салу наложить запрет; - салынбаған без запрета; 2) табу; түрлі - дар разные табуизмы.

ТҮРЛІ *сын.* разнообразный; ~ өсімдіктер разнообразные растения; ~ өсер разные впечатления; ◇ бір - адам странный человек.

ТҮРМЕ *зат.* тюрьма; - ге түсу попасть в тюрьму.

ТҮРТ - *ет.* тянуть, толкнуть; біреуді - п көрсету тыкать на кого-либо пальцем; шынтағымен - у толкнуть локтем; ◇ көзге - у указать недостатки.

ТҮС I *зат.* сновидение, сон; - көру видеть сон; - імде во сне; □ үш ұйықтаса түсінде болмаған и во сне не снилось.

ТҮС II *зат.* полдень; - ке қарай к полудни; - тен кейін после полудня; тал - тегі аптап полуденный зной.

ТҮС III *зат.* масть, цвет; қызыл - красный цвет; - таңдау подобрать цвет; ◇ - і бузылу меняться в лице; - і қашу бледнеть.

ТҮС- *ет.* опускаться, падать; таудан - у спустить-ся с гор; шашы - іп жатыр у него выпадают волосы; 2) поступить; институтқа - у поступить в институт; 3) быть смещенным; орнынан - іп қалу сместиться с должности; қыс - ті наступила зима; суға - у купаться; ауылға - у остановиться в ауле; араға - у разнимать; есіне - у вспомнить; көзіне - у увидеть.

ТҮСІМ *зат.* выручка, доход; дүкенің бір күндік - і дневная выручка магазина; мол - большой доход.

ТҮСІН- *ет.* понимать; ағылшынша - у понимать по-английски, - дірме толкование, объяснение; - ік понятие.

ТҮТ- *ет.* чесать (шерсть); жүн - у чесать шерсть.

ТЫМ *үст.* совсем, чересчур, слишком; - жаңа костюм слишком новый костюм; - жақсы чересчур хороший; ◇ тым-тырыс болу замолкнуть; - болмаса хотя бы.

ТЫМАҚ (тымағы) *зат.* казахский теплый головной убор (с большими ушками).

ТЫМЫРСЫҚ *сын.* тихий, безветренный (о погоде); - аяз трескучий мороз; - ыссы безветренно, душно.

ТЫНЫҚ *сын.* тихая (погода); - ауа тихая погода; - мұхит Тихий океан.

ТЫНЫҚ (тынығу) *ет.* отдыхать; сабақтан кейін тынығу отдыхать после уроков.

ТЫНЫС *зат.* дыхание; көктем - ы дыхание весны; - ы тарылу затруднение дыхания; - белгісі *грамм.* знак препинания.

ТЫНЫШ *сын.* спокойный, мирный; - өмір спокойная жизнь; - отыру сидеть спокойно; - ұйықтау мирно спать; - тық мирное состояние, тишина.

ТЫНЫШТАЛ- *ет.* успокоиться; теңіз - ды море успокоилось.

ТЫҢ *сын.* 1) бодрый, крепкий; - қарт бодрый старик; жүйкесі - адам человек с крепкими нервами; 2) целинный; - жер целинная земля.

ТЫНАЙ (тынаю) окрепнуть, отдохнуть; - ған жер отдохнувшая земля.

ТЫҢАЯТ- *ет.* понуд. от тынаю дать возможность отдохнуть, укрепиться, набраться сил; атты - у дать одонуть коню; жерді - у удобрять землю (почву).

ТЫҢАЙТҚЫШ *зат.* удобрение; органикалық - тар органические удобрения; минералды - тар минеральные удобрения.

ТЫҢДА- *ет.* 1) слушать; концерт - у слушать концерт; өңгіме - у слушать рассказ; 2) слушаться; айтқанды - у слушаться.

ТЫҢШЫ *зат.* шпион, разведчик, наушник; шет ел - сы иностранный разведчик.

ТЫРМА *зат.* 1) борона; - ны сүйрету тащить борону; 2) грабли; шөпті - мен жинау убирать траву граблями; - лау боронить.

ТЫРНА *зат.* журавль; - лар келді прилетели журавли; - лар қайтып барады журавли улетают.

ТЫРНА- *ет.* царапать (ся); қолын - п алу поцарапать руку; мысықша - у царапаться, как кошка.

ТЫРНАҚ (тырнағы) *зат.* 1) ноготь; - ты өсіріп жіберу отрастить длинные ногти; 2) коготь; аюдың тырнағы коготь медведя; ◇ - алды начало чего-нибудь; тырнағын батыру применить силу.

ТЫРТЫҚ (тыртығы) *зат.* шрам, рубец//корявый; жараның орнында қалған - шрам на месте раны; ~ тері корявое лицо.

ТЫРЫС- *ет.* стараться, стремиться к чему-либо; жақсы оқуға ~ у стараться хорошо учиться; бар күшімен ~ у стараться изо всех сил; білім алуға ~ у стремиться к знаниям.

ТЫС *зат.* 1) двор; ~ та салқын екен во дворе холодно; 2) наружная оболочка; жастықтың ~ ы наволочка; көрпенің ~ ы пододеяльник; кітаптың ~ ы обложка; жоспардан ~ сверх плана.

ТЫСҚАРЫ *үст.* 1) далеко; туған жерінен - жүру находится далеко от родных мест; 2) другой, дополнительный, отдельный; еңбек ақыдан ~ табысы бар помимо зарплаты есть еще и другие заработки.

ТЫСТА- *ет.* обернуть; кітапты ~ у обернуть книгу.

ТЫШҚАН *зат.* мышь; дала ~ ы полевая мышь; ~ аулау охотиться на мышей.

ТИГУЛІ *сын.* сшитый; ~ көйлек сшитое платье.

ТИГІНДІ *зат.* подшивка; газет ~ лері подшивки газет.

ТИГІНШІ *зат.* портной: ~ көйлек тікті портниха сшила платье.

ТИГІС *зат.* шов; ~ ін сөгу распороть шов.

ТИЗГІН *зат.* поводья; атты ~ інен жетектеу вести лошадь на поводу; \diamond менің ~ ім сенің қолында я в твоих руках.

ТІЗЕ *зат.* колено; әкесінің ~ сінде отыру сидеть у отца на коленях; \diamond ~ бұғу (букв. сгибать колено) подчиниться; ~ бүктіру поставит на колени.

ТІЗЕЛЕ- *ет.* сесть на колени; ~ п отыру сесть на колени; ~ п тұру стоять на коленях.

ТІЗІМ *зат.* список; оқушылардың ~ і список учащия; ~ ге алу включить в список.

ТІК *сын.* прямой, вертикальный, отвесный; ~ бұрыш прямой угол; ~ сызық вертикальная линия; ~ жартас отвесная скала; \diamond аяғынан тік тұрып сыйлау принять радушно; ~ мінез грубый, прямой, вспыльчивый характер.

ТІК (тігу) *ет.* шить; киім тігу шить одежду.

ТІКЕ *уст.* прямо; ~ жүру ийти прямо; ~ тартылған сызық вертикальная линия.

ТІКЕЛЕЙ *сын.* непосредственный; ~ бастық непосредственный начальник; ~ жұмысы непосредственная работа.

ТІКЕН *зат.* колючка, шипы; раушан (қызыл гүл) ~ і колючка розы; итмұрынның ~ і шипы шиповника; ~ ді жер место, где много колючек.

ТІКЕНЕК (тікенегі) *см.* тікен.

ТІКІРЕЙ- *ет.* 1) стоять торчком; шашы ~ іп тұр волосы его стоят торчком; 2) ~ іп қарау смотреть пристально.

ТІЛ I *зат.* язык; ~ көрсету показать язык; ~ ін тістеу прикусить язык.

ТІЛ II *зат.* язык; ана тілі родной язык; қазақ ~ і казахский язык; әдеби ~ литературный язык; ауызекі сөйлеу ~ і разговорный язык; ортақ ~ общий язык; \diamond ~ тигізу обругать; ~ өкелу доставить “языка”; ~ ін тартпау говорить смело.

ТІЛ- *ет.* резать, разрезать; нанды жұқалап ~ у порезрзать тонко хлеб.

ТІЛЕ- *ет.* желать, просить; табыс тілеймін жалау успеха.

ТІЛЕК (тілеп) *зат.* желание, просьба; тілегі орындалу исполнение желания; тілегі бойынша по-просьбе.

ТІЛМАШ *зат. ист.* переводчик; орыс тілінің ~ ы переводчик русского языка.

ТІЛШІ *зат.* корреспондент; меншікті ~ собственный корреспондент.

ТІЛІМ *зат.* ломтик; бір нан ломтик хлеба.

ТІМІСКІ *сын.* пронырливый; ~ адам пронырливый человек.

ТІНТ- *ет.* обыскивать, производить обыск; қылмыс-керді ~ у обыскать преступника.

ТІПТІ *уст.* даже, вовсе, очень, совсем; ол ~ сөз де айтқан жоқ он даже слова не сказал; ~ қажеті жоқ вовсе не нужно.

ТІРЕ- *ет.* подпирать; қазықпен ~ у подпереть колыями.

ТІРЕК (тірегі) *зат.* подпорка, опора; ~ қою ставить подпорку; отбасының тірегі — үлкен бала старший ребенок — опора семьи.

ТІРЕУ *и. д.* от тіре- столб, подпорка; ~ лерді алмастыру керек надо заменить подпорку.

ТІРКЕ- *ет.* 1) прицеплять; тракторға соқа ~ у прицепить плуг к трактору; ~ ме прицеп; 2) зарегистрировать; некеге ~ у зарегистрировать брак.

ТІРШІЛІК (тіршілігі) *зат.* жизнь, существование; ~ етуге қажетті заттар средства существования.

ТІРІ *сын.* живой; ~ мақұлық живое существо; ~ табиғат живая природа; \diamond еті ~ жігіт живой, энергичный парень; ~ дей салмақ живой вес.

ТІРІЛ- *ет.* ожить, воскреснуть; өлгендер ~ мейді мертвые не воскресают.

У

ТІС *зат.* зуб//зубной; ақыл - зуб мудрости; - дегігері зубной врач; \diamond - батпау быть не по зубам; - қаққан адам опытный человек.

ТІСТЕ- *ет.* кусать; ернін - у кусать губы; алма - у откусить от яблока.

ТІСТЕУІК *сын.* 1) кусающийся; - ат кусающаяся лошадь; 2) *и. д.* от тістеу клещи, щипцы; - пен шеге суыру вытаскивать гвоздь.

У

У *зат.* яд; өлтіретін - у смертельный яд; білмеген у ішеді не знающий и яд проглотит; удай ащы горький, как яд; \diamond тілі удай ядовитый язык.

УА *од.* междометие ох, ах; уа, бөрекедді ах, как хорошо!

УАЙЫМ *зат.* тоска, грусть; - жоқ нет тоски; \diamond - жемеу не горевать, не печалиться.

УАЙЫМДА- *ет.* 1) горевать; еш нәрсені - мау ни о чем не горевать; 2) беспокоиться, сіз - маңыз мен өзімақ барып реттеймін вы не беспокоитесь, я сам все улажу; 3) заботиться; ол ештемені - майды ему не о чем заботиться.

УАЙЫМШЫЛ *сын.* беспокойный, озабоченный; - адам беспокойный человек.

УАҚ *сын.* мелкий; - құм мелкие пески; - ақша мелочь; - мал мелкий скот.

УАҚИҒА (оқиға) *зат.* событие, происшествие, случай; күтпеген - неожиданное событие; ешқандай - болған жоқ никаких происшествий не было.

УАҚЫТ *зат.* время, срок, момент, пора; - өтіп жатыр время идет: аттанар - та в момент отъезда; - жетті пришло время.

УАҚЫТША *уст.* временно; - жұмыс временная работа; - алу брать на время.

УАТ- *ет.* 1) утешать, забавлять; баланы уату забавлять ребенка; 2) размельчить; тас уату раздробить камень.

УӘДЕ *зат.* обещание, уговор; - де тұру выполнять обещание; - ні бұзу нарушить уговор; - ден қайтпау не нарушать уговор.

УӘДЕЛЕС- *ет.* уговорить, договориться о чем-либо; бірге жүретін болып - тік договорились ехать вместе.

УӘДЕШІЛ *сын.* верный своему слову, аккуратно выполняющий свое обещание; - бала мальчик, верный своему слову.

УӘКІЛ *зат.* уполномоченный, доверенное лицо, представитель; ауданнан келген - уполномоченный района; белгілі бір мекеменің - і представитель какой-либо организации.

УӘКІЛДІК (уәкілділігі) *зат.* полномочие; - бойынша по полномочиям.

УҚАЛА- *ет.* растирать, делать массаж; ауырған жерді - у растереть больное место; - п емдеу лечить массажем.

УЛА- *ет.* отравить, травить; тышқандарды - у травить мышей; химикатпен - у отравить химикатом.

УЛАН- *ет.* *возвр.* от улау отравиться, быть отравленным; тамақтан - у отравиться едой.

УЛЫ *сын.* ядовитый; - өсімдіктер ядовитые растения; - жылан ядовитая змея; \diamond - тіл острый язык (*букв.* ядовитый язык).

УМАЖДА- *ет.* измять, растрепать; дөңтер - лып қалыпты тетрадь растрепалась.

УЫЗ *зат.* молозиво; сиырдың ~ ы молозиво коро-
вы; ~ қымыз первый весенний (майский) кумыс.

УЫЛДЫРЫҚ (уылдырығы) *зат.* икра (рыбья);
қара ~ черная икра; ~ шашу метание икры.

УЫЛ- *ет.* иметь стоматит; аузы ~ ып кетіпті забо-
лел стоматитом.

УЫС *зат.* горсть; бір - ын горсть муки; қос ~ при-
горшни; ◇ біреудің уысында болу быть во власти;
уысынан шығармау держать в кулаке.

УЫСТА- *ет.* брать горстями; ақшаны уыстап алып
көрсет показал деньги, взяв их в горсть.

УЫТ *зат.* сила яда; уытын қайтару әдісін табу
найти способ, средство против отравления, противоя-
дие; ◇ аузының уыты бар он кого угодно уговорит.

Ұ

ҰҒЫМ *зат.* понятие; адалдық туралы ~ понятие о
честности; ~ сыз непонятный.

ҰҒЫМДЫ *сын.* понятливый; ~ бала понятливый
мальчик; ~ етіп айту сказать понятно.

ҰҒЫНДЫР- *ет.* объяснить, разъяснить; ережені
~ у объяснить правило; оған барлық жағдайды ~ ды
разъяснил ему положение дел.

ҰЖДАН *зат.* совесть; ~ ы таза его совесть чиста; ~
ы алдында азап шегу чувствовать угрызения совес-
ти; ~ ды честный, совестливый; ~ сыз бессовестный.

ҰЗА- *ет.* удаляться, отдаляться; үйден ~ п кету
удалиться от дома; топтан ~ п шығып кету отдалиться
от толпы.

ҰЗАҚ *сын.* 1) дальний; ~ жол дальний путь; кеме-
мен ~ сапар шегу дальнее плавание; 2) продолжи-

тельный, долгий; - күту долго ждать; - қыс продолжительная зима.

ҰЗАМАЙ *үст.* вскоре; көп - келеді скоро придет; - кеш те түсті вскоре вечер настал.

ҰЗАР- *ет.* удлиняться, становиться длиннее; күн - ды дни стали длиннее.

ҰЗАТ- *ет.* проводить невесту; қызын алыс жерге - ты проводили невесту в далекие края.

ҰЗЫН *сын.* 1) длинный; - жіп длинная веревка; 2) высокий; - бойлы жігіт высокий парень.

ҰЗЫНДЫҚ (ұзындығы) *зат.* длина; - өлшемі мера длины;

ҰЗЫНДЫҒЫ екі метр длиной в два метра.

ҰЙҚАС *сын.* 1) похожий, соразмерный; аттары - их имена похожи: өлеңнің - ы рифма стиха.

ҰЙҚЫ *зат.* сон; түнді - сыз өткізу провести ночь без сна; шырт - да жатыр крепко спит; \diamond - сы қану выспаться: - сы қашу страдать бессонницей; - лыояу жату лежать в полудреме; - шыл сонливый.

ҰЙПАЛАҚ *сын.* 1) помятый, измятый; - киім помятая одежда; 2) взъерошенный; - шаш взъерошенные волосы.

ҰЙЫМ *зат.* организация; жастар - ы молодежная организация; қоғамдық - дар общественные организации.

ҰЙЫМДАС- *ет.* организоваться, сплотиться; оқушылар бригада болып - ты ученики организовались в бригаду; жауға қарсы - у сплотиться против врага.

ҰЙЫМДАСТЫР- *ет.* понуд. от ұйымдасу организовать, сплотить; бұқара халықты - у сплотить народные массы; - ушы организатор.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚ *зат.* организованность; зор - көрсету показать высокую организованность.

ҰЙЫС- *ет.* 1) сваляться, спутаться (о шерсти); шапы - ып қалыпты волосы спутались.

ҰЙЫТ- *ет. понуд.* от ұю заквасить; сүт - у заквасить молоко.

ҰЙЫТҚЫ *зат.* закваска; сүттің - сы молочная закваска; \diamond істің - сы организатор дела.

ҰҚСАС *сын.* схожий; соларға - похож на них; ол ағасына - он похож на брата.

ҰҚЫПТЫ *сын.* 1) аккуратный; ~ адам аккуратный человек; ~ жұмыс аккуратная работа; 2) внимательный - оқушы внимательный ученик.

ҰЛ *зат.* сын; оның үлкен ұлы его старший сын; асыранды ұл приемный сын.

ҰЛАС- *ет.* находится в непрерывной связи, продолжаться; той-тойға - сын пусть праздник следует за праздником.

ҰЛҒАЙ- *ет.* увеличиваться, расширяться; бақ екі есе - ды парк увеличился в два раза; көздің қарашығы - ды зрачки расширились.

ҰЛПА *сын.* рыхлый, пушистый; - қар рыхлый снег; - жүн пушистая шерсть.

ҰЛТ *зат.* нация, национальность; ұлттар тең құқылы нации равноправны.

ҰЛТАН *зат.* подошва; былғары - кожаная подошва.

ҰЛТАРАҚ (ұлтарағы) *зат.* стелька; шұға - суконная стелька.

ҰЛТТЫҚ *сын.* национальный; - киім национальная одежда; - табыс национальный доход.

ҰЛЫ *сын.* великий; - ақын великий поэт; - мемлекеттер великие державы.

ҰЛЫ (ұлу) *ет.* выть; қасқырлар - ды волки завыли.

ҰМТЫЛ - *ет.* ринуться, рвануться, стремиться вперед, продвигаться вперед; ұрысқа - у ринуться в драку; жақсы оқуға - у стремиться хорошо учиться.

ҰМЫТ - *ет.* забыть; үйдің нөмірін - у забыть номер дома; атын - ып қалдым я забыл его имя.

ҰМЫТЫЛМАС *сын.* незабвенный, незабываемый; - мұғалім незабвенный учитель; - кездесу незабываемая встреча.

ҰН *зат.* мука; бидай ұны пшеничная мука; жүгері ұны кукурузная мука; \diamond ұн қылып жіберу разгромить, растереть в порошок.

ҰНА - *ет.* нравиться; оның сөзі - ды понравились его слова.

ҰНАМДЫ *сын.* нравящийся, подходящий; - жұмыс нравящаяся работа; - үй болмай тұр нет подходящего дома.

ҰНАМСЫЗ *сын.* противный, неподходящий; - мінез противный характер: - орын неподходящее место.

ҰНАТ - *ет.* понуд. от ұнау одобрить, нравиться; менің жұмысымды - ты он одобрил мою работу; ол оны - ады он ему нравится.

ҰНТАҚ (ұнтағы) *зат.* порошок, крошка; - дәрі лекарство в порошках; нанның ұнтағы крошка хлеба.

ҰПАЙ *зат.* очко; - есебі счет очков; - алу получить очко.

ҰР - *ет.* бить, колотить, ударять; арқасынан ұру бить по спине; таяқпен ұру бить палкой.

ҰРАН *зат.* призыв, лозунг; мереке - дары праздничные призывы; - тастау выдвинуть лозунг.

ҰРЛА - *ет.* воровать, похитить; бағалы заттарды - у похитить ценные вещи.

ҰРЛЫҚ (ұрлығы) *зат.* воровство, кража; - істеу совершить кражу.

ҰРПАҚ (ұрпағы) *зат.* поколение, потомство; жас - молодое поколение; ұрпағымен малшы потомственный скотовод.

ҰРСУ *ет.* бранить, ругать; жаман сөздермен - ругать бранными словами; сабақты нашар оқитындарға - ругать плохо занимающихся учеников.

ҰРСЫС - *ет.* ссориться; үнемі - а беру дұрыс емес нехорошо все время ссориться.

ҰРТТА - *ет.* пить глотками; екі - и тауысу выпить двумя глотками.

ҰРТТАМ *зат.* глоток; бір - су глоток воды.

ҰРШЫҚ (ұршығы) *зат.* веретено, прялка; қол - ручное веретено аяқпен айналдыратын - ножная прялка.

ҰРЫ *зат.* вор; мал ұрлайтын - вор, который ворует скот.

ҰРЫНШАҚ *сын.* задиристый, забияка, проказник; бұл барып тұрған - бала этот мальчик большой задира; - әйел проказница.

ҰРЫС I *зат.* ругань, ссора; жоқ нет ссор; - керіс передразни.

ҰРЫС II *зат.* бой, битва; өуе - ы воздушный бой; - қа ену ийти в бой.

ҰРЫСҚАҚ *сын.* скандальный; - адам скандальный человек.

ҰСАҚ *сын.* мелкий; - ақша мелкие деньги; - мал мелкий скот; ◇ - адам мелочный человек; - сөз мелкие разговоры (пустые слова).

ҰСАҚТА - *ет.* 1) размельчить, раскрошить; ірі тастарды - у раздробить крупные камни; 2) разменять деньги; он сомдықты - у разменять десять рублей.

ҰСТА *зат.* 1) кузнец; ~ темір соғады кузнец куёт железо; 2) мастер; сөзге ~ говорить мастер (мастер слова).

ҰСТА- *ет.* 1) держать; қолынан ~ у держать за руку; көп ~ у долго держать; 2) задержать, арестовать; ұрыны ~ у поймать вора; 3) израсходовать; ақшаны ~ п қою израсходовать деньги; ◇ жағасын ~ у удивиться.

ҰСТАЗ *зат.* учитель, наставник; ол менің ~ ым он мой наставник; алғашқы ~ первый учитель.

ҰСТАҒА *зат.* бритва; қауіпсіз ~ безопасная бритва.

ҰСЫН- *ет.* предлагать; жаңа жұмыс ~ у предлагать новую работу.

ҰСЫНЫС *зат.* предложение; орынды ~ жасау внести дельное предложение; жақсы ~ хорошее предложение.

ҰТ- *ет.* выигрывать; ақша ұту выиграть деньги; уақыттан ұту выиграть время; ұтылу проиграть.

ҰТЫС *зат.* выигрыш//выигрышный; ірі ~ крупный выигрыш; ~ заемы выигрышный заем.

ҰШ *зат.* кончик, острие; қарындаштың ұшы кончик карандаша; иненің ұшы острие иглы; ◇ тіл ұшында тұру вертеться на кончике языка; аяғының ұшынан басу ходить на цыпочках.

ҰШ- *ет.* лететь; ұшақ ұшып келді самолет прилетел; ұшып кету улететь; ◇ оққа ұшу погибнуть от пули; зәресі ұшу испугаться.

ҰШҚАЛАҚ *сын.* невыдержанный, легкомысленный; ~ адам невыдержанный человек.

ҰШҚАРЫ *сын.* 1) необдуманый; ~ сөз необдуманное слово; 2) непроверенный, сомнительный; ~ пікір сомнительное суждение.

ҰШҚЫН *зат.* искра; тастан ~ шығару выбить искру из камня; электр ~ ы электрическая искра; а ~ нан жалын лаулайды из искры возгорится пламя.

ҰШҚЫР *сын.* резвый; ~ ат резвый конь; ◇ ~ ой быстрый ум.

ҰШТА - *ет.* очинить, заострить; қарындашты ~ у очинить карандаш; қазықты ~ у заострить кол.

ҰЯ *зат.* гнездо; құстың ұясы гнездо птиц; ұя салу свить гнездо.

ҰЯЛ - *ет.* стесняться, стыдиться; үлкендерден ~ у стесняться старших.

ҰЯҢ *сын.* 1) мягкий (о шерсти); ~ жүн мягкая шерсть; 2) скромный, робкий, застенчивый; ~ мінез застенчивый характер; 3) *грамм.* ~ дауыссыздар звонкие согласные.

ҰЯТ *зат.* стыд; ~ емес пе? не стыдно?

Ү

ҮГІНДІ *зат.* опилки; ағаш ~ сі древесные опилки; металл ~ сі металлическая стружка.

ҮГІТ *зат.* агитация; сайлау алдындағы ~ агитация перед выборами; ~ ші агитатор.

ҮГІТТЕ - *ет.* агитировать; жолдастарын ~ у агитировать товарищей.

ҮЗ - *ет.* 1) обрывать; сымды үзіп тастау оборвать провод; 2) прерывать; өңгіме үзіліп кетті разговор прервался; ◇ қол үзу порвать связь; үміт үзу потерять надежду.

ҮЗДІК *сын.* непревзойденный, выдающийся, идущий впереди всех; ~ жазушы выдающийся писатель; ~ дарын непревзойденный талант; ~ оқушы идущий

впереди всех (по учебе, дисциплине и пр.) ученик; -
- созддық жұмыс неравномерная работа.

ҮЗЕҢГІ *зат.* стремя; аяқты ~ ге салу вдеть ногу в стремя.

ҮЗІК (үзігі) *зат.* отрезок, обрывок; жолдың үзігі отрезок дороге жіптің үзігі обрывок веревки.

ҮЗІЛІС *зат.* перерыв, перемена; ~ жасау сделать перерыв; ~ ке шығу выйти на перемену.

ҮЗІМ *зат.* кусок; бір ~ нан кусок хлеба.

ҮЗІНДІ *зат.* отрывок; ~ оқу прочесть отрывок.

ҮЙ *зат.* дом, помещение; ағаш үй деревянный дом; үйге жіберу прислать домой; мектептің жаңа үйі новое помещение школы; \diamond үй-іші семья; үй басқармасы домоуправление; үй иесі хозяин дома; үй жоқ, күй жоқ ни кола ни двора.

ҮЙ (үю) *ет.* складывать в кучу; жүкті жерге үю сложить груз в кучу: шөп үю скирдовать сено.

ҮЙЛЕН- *ет.* жениться; жақында ~ еді скоро женится; ол ~ ген он женатый.

ҮЙЛЕНДІР- *ет.* понуд. от үйлену женить; баламды ~ у керек надо женить сына.

ҮЙЛЕС- *ет.* сходиться, сойтись, соответствовать друг другу; біздің пікіріміз ~ ті наши мнения сошлись; мінездеріміз ~ еді сходятся характерами.

ҮЙЛЕСІМДІ *сын.* подходящий; ~ киім подходящая одежда.

ҮЙРЕК (үйрегі) *зат.* утка; асыранды ~ домашняя утка; жабайы ~ дикая утка.

ҮЙРЕН- *ет.* научиться, привыкнуть; малтуға ~ у научиться плавать; мен оған ~ дім я к нему привык.

ҮЙРЕНШІКТІ *сын.* 1) привычный, привыкший; ~ өмір қалпы привычный образ жизни; ~ жұмыс при-

вычная работа; 2) хронический; ~ ауру хроническая болезнь.

ҮЙРЕТ- *ет. понуд.* от үйрену научить; обучить; баланы оқуға ~ у научить ребенка читать; атқа салт мінуге ~ у обучать ездить верхом; ~ үші обучающий, тренер, укротитель, репетитор.

ҮЙТ- *ет.* опалить; бас ~ у опалить голову (барана); қаз ~ у опалить гуся.

ҮЙРМЕ *зат.* кружок; әдебиет ~ сі литературный кружок; домбыра ~ сі домбровский кружок.

ҮК (үгу) *ет.* размолоть, размельчить, растереть; бидай үгу размолотить пшеницу; тұзды ұсақтап үгу размельчить соль в порошок; масақ үгу растереть колос.

ҮКІМ *зат.* приговор; ~ шығару вынести приговор; айыптау ~ і обвинительный приговор.

ҮКІМЕТ *зат.* правительство// правительственный; ~ басшысы глава правительства; ~ комиссиясы правительственная комиссия.

ҮЛБІРЕ- *ет.* 1) быть нежным, изящным; ~ ген қыз изящная девушка; 2) стать тонким; ~ ген жұқа мата очень тонкий материал.

ҮЛГІ *зат.* 1) пример, образец; ~ көрсету показать пример; ~ алу следовать примеру; ~ болу служить примером; қағаздың ~ лері образцы бумаги; 2) выкройка; киімді ~ мен тігу шить одежду по выкройке.

ҮЛГІЛІ *зат.* показательный, примерный, образцовый; ~ сабақ показательный урок; ~ мінез - құлық примерное поведение; ~ класс образцовый класс.

ҮЛГЕР- *ет.* успеть, успевать; сабаққа ~ у успеть на урок; барлық пәннен ~ у успевать по всем предметам.

ҮЛЕСТІР - *ет.* раздавать; оқушыларға дәптер, қалам ~ у раздать ученикам тетради, ручки.

ҮЛКЕН *сын.* 1) большой, громадный; ~ ғалым большой ученый; ~ толқын громадная волна; 2) старший; ~ ұл старший сын.

ҮМІТ *зат.* надежда; ~ і үзілу потерять надежду; ◇ ~ арту возлагать надежды; ~ сіз безнадежный; ~ кер *спорт.* претендент,

ҮН *зат.* голос, звук, тон; үні қатты сильный голос; бәсең үн; низкий тон; басым үн высокий тон; үні өшу замолчать; үн қатпау молчать; ◇ үндемес молчаливый, неразговорчивый; үнсіз беззвучный.

ҮНДЕ - *ет.* призвать, издавать голос; Отан қорғауға ~ у призвать к защите Родины; ол ~ мей отырды он молчал.

ҮНЕМ *зат.* экономия; астықтың ~ і экономия хлеба; уақыттын ~ і экономия времени.

ҮНЕМШІЛ *сын.* экономный, бережливый; ~ адам экономный человек; ~ қожайын бережливый хозяин; ~ дік төртіп режим экономии.

ҮНЕМІ *үст.* все время, всегда, постоянно; ~ жаңбыр жауып тұрады все время идет дождь; ол ~ сабырлы және байсалды он всегда выдержан и спокоен.

ҮҢГІР *зат.* пещера; ~ де тұру жить в пещере; терең ~ глубокая пещера.

ҮҢГІРЛЕ - *ет.* делать углубление; рыть яму; таудың астын ~ у рыть пещеру.

ҮҢІЛ - *ет.* всматриваться, уставиться; ол ~ е қарады он уставился.

ҮҢІРЕЙ - *ет.* зиять; түпсіз тереңдік ~ еді зияет бездна.

ҮР - *ет.* лаять; ит үріп тұр собака лает.

Х

ҮРГІЗ- *ет. понуд.* от ұру заставить лаять; итті - у заставить лаять собаку.

ҮРЕЙ *зат.* страх, паника; қорқыныштан - і қашу бледнеть от страха; қатты - лену впасть в панику.

ҮРКЕК *сын.* пугливый; ~ ат пугливая лошадь.

ҮРЛЕ- *ет.* дуть, подуть; ыстық шайды у подуть на горячий чай.

ҮСТЕ- *ет.* прибавить, добавить; самауырға су - у добавить воды в самовар.

ҮСТЕЛ *зат.* стол; ~ үстінде на столе.

ҮСТЕУ *зат.* *грамм.* наречие.

ҮСТІ *зат.* верх; жер - поверхность земли.

ҮСТІҢГІ *сын.* верхний; ~ қабат верхний слой.

ҮСТІРТ *зат.* возвышенность (*геогр.*)

ҮСІ (үсу) *ет.* замерзать; картоп үсті картошка замерзла.

ҮСІТ *ет. понуд.* от үсу отморозить; бетін - іп алу отморозить щеки; қолын - іп алу отморозить руки.

ҮТІК (үтігі) *зат.* утюг; ~ ті жөңдеу ремонтировать утюг.

ҮТІР *зат.* запятая; ~ қою поставить запятую; нүктелі - точка с запятой.

ҮШ *сан.* три; үш оқушы три ученика; үшінші класс третий класс; үш-үштен по три; үшеулеп втроем; үштік тройка.

ҮШІН *шыл. (послелог)* ради, для, за, из-за; сен - ради тебя; жеңіс - для победы; осы - из-за этого.

Х

ХАБАР *зат.* весть, известие, сообщение; жеңіс туралы - весть о победе; соңғы - лар последние известия; ~ ошарсыз без вестей; ~ шы вестник.

ХАБАРЛА - *ет.* оповестить, уведомить, осведомить; радио арқылы ~ у оповестить по радио.

ХАБАРЛАНДЫРУ - *ет.* извещать, оповещать; жиналыс туралы ~ оповестить о собрании.

ХАЛ *зат.* дела, положение, состояние; - - жағдайы жақсы еге положение хорошее; ~ - жағдайын білу узнать о его состоянии.

ХАЛЫҚ (халқы) *зат.* 1) народ//народный; қазақ халқы казахский народ; - ақыны народный акын; 2) население; аудан халқы население района; - санағы перепись населения; ~ тық бақылау народный контроль.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ *сын.* международный; - жағдай международное положение; ~ мереке международный праздник; - спорт жарыстары международные спортивные соревнования.

ХАТ *зат.* письмо; ашық ~ открытое письмо; бағалы ~ ценное письмо; 2) грамота: ~ танымайтын неграмотный; қолхат расписка; подписка; сенімхат доверенность.

ХАТШЫ *зат.* секретарь; жиналыс ~ сы секретарь собрания.

ХИҚАЯ *зат.* 1) событие; басынан өткен ~ событие, в котором сам принимал участие; 2) приключение (рассказы, новеллы); ерте заманғы ~ лар приключения давних времен.

Ш

ШАБАҚ (шабағы) *зат.* 1) спица; арбаның шабағы спица колеса телеги; 2) мелкая рыбешка; ұсақ ~ тар жүзіп жүр плавают мелкие рыбешки.

ШАБАН *сын.* медлительный, ленивый; ол өте - адам он очень медлительный человек; - оқушы ленивый ученик.

ШАБАНДА - *ет.* медлить, становиться ленивым; жұмысы - п кетті его работа замедлилась; күннен күнге - п барады с каждым днем он становится ленивее.

ШАБАНБОЗ *зат.* жокей; - киетін бас киім шапочка жокея; - жігіт жокей.

ШАБАРМАН *зат.* гонец; асығыс - спешный гонец; - келіп кетті пришел гонец.

ШАБДАР *сын.* рыжий; - ат рыжий конь; - әйел рыжая женщина.

ШАБУЫЛ *зат.* наступление; - ға шығу перейти в наступление.

ШАБЫС *зат.* бег; аттын - ы бег лошади; кедергілерден өтетін ат - скачки с препятствиями.

ШАБЫТ *зат.* 1) охота, желание; жұмысқа - ы келді появилось желание работать; 2) вдохновение; жұмысты - пен істеу работать с вдохновением.

ШАҒЫЛ - *ет.* 1) отражаться; күнге көзі - ды солнечный свет отразился в глазах; ◇ тауы - у остаться подавленным.

ШАҒЫМ *зат.* жалоба; - түсіру принести жалобу; - беру подать жалобу; - шы жалобщик.

ШАҒЫН *сын.* небольшой, маленький; - бөлме маленькая комната; - мемлекеттер небольшие государства; ◇ басы - небольшая семья.

ШАЙҚА - *ет.* 1) качать; басын - у качать головой; 2) взбалтывать, взбивать; май - у взбить масло; 3) полоскать; өзенге кір - у полоскать белье в озере.

ШАЙНА - *ет.* жевать; сағыз - у жевать жевательную резинку; тілін - у говорить невнятно; бармағын - у сожалеть.

ШАЙНЕК (шайнегі) *зат.* чайник; фарфор - фарфоровый чайник.

ШАҚ I *сын.* точный, подходящий; етігі өзіне - сапоги ему впору; \diamond әркімнің жүгі өзіне - каждому свое.

ШАҚ (шағы) II *зат.* 1) период; жастық - период молодости (отроческие годы); 2) *грамм.* время; осы - настоящее время; келер - будущее время; өткен - прошедшее время.

ШАҚ (шағу) *ет.* 1) жаловаться; мұның шағу жаловаться на свою судьбу; 2) раздробить на кусочки; сүйек шағу раздробить кость на кусочки; 3) грызть (орехи, семечки); шекілдеуік шағу грызть семечки; 4) жалить; жылан - ты ужалила змея; \diamond шекесі шағу чувствовать сильную боль в висках; сөзбен шағу уку-сильными словами.

ШАҚАР *сын.* бедовый, отчаянный; - бала бедовый ребенок; - мінез отчаянный характер.

ШАҚПАҚ (шақпағы) *зат.* кремль, спички, огниво; - пен от тұтату резжечь огонь кремнем; қалтасынан шақпарын алды вынул из кармана огниво.

ШАҚТА - *ет.* ограничить, убавить; тамақты - п жеу ограничиться в еде.

ШАҚТЫ *уст.* приблизительно, около; он - адам приблизительно десять человек; отыз - около тридцати.

ШАҚЫР - *ет.* позвать, пригласить; көмекке - у позвать на помощь; қонаққа - у пригласить в гости; 2) вызывать; дәрігер - у вызвать врача; телефон ар-

қылы ~ у вызвать по телефону; ~ у қағаз пригласительный билет.

ШАҚЫРЫМ *зат.* верста; бір ~ жерден көрінеді за версту видно; үш ~ три версты.

ШАЛ *зат.* старик; қойшы ~ старик-чабан; қарт ~ старый дед.

ШАЛ- *ет.* 1) ставить подножку; ~ ып жығу свалить, подставить подножку; 2) ~ ып байлау привязать с обхватом; ◇ көзі ~ у заметить.

ШАЛА *сын.* 1) недоношенный; ~ туған бала недоношенный ребенок; 2) наполовину, половинчатый; ~ тойған наполовину сытый; ~ пісіру недоварить.

ШАЛАҒАЙ *сын.* половинчатый, недоводящий дело до конца; ~ шешім половинчатое решение; ~ адам человек, недоводящий порученное дело до конца.

ШАЛБАР *зат.* брюки; тері ~ кожаные брюки; сыр-ма ~ стеганые брюки.

ШАЛҒАЙ *уст.* в стороне, не по пути; үлкен жолдан ~ да тұру жить в стороне от большой дороги (от трассы); менің жолым сізден ~ мне с вами не по пути.

ШАЛҒЫ *зат.* коса; шөп машинасының ~ сы коса сенокосилки; ~ қайрау точить косу; ~ шы косарь, косец.

ШАЛҒЫН *зат.* луг; суармалы ~ заливной луг; ~ да мал жайылып жүр на лугу пасется скот.

ШАЛҚАЙ (шалқаю) *ет.* отходить, податься назад; артқа шалқаю откинуться назад; ◇ шалқая қалу важничать.

ШАЛҚАЛА- *ет.* лежать на спине; ~ п жүзу плавать на спине.

ШАЛҚАМ *зат.* репа; ~ егу посадить репу.

ШАЛҚАР *сын.* большой, огромный; ~ көл большое озеро; ~ өлке огромный край.

ШАЛҚАСЫНАН *уст.* 1) навзничь; - түсу упасть навзничь; 2) лежать на обеих лопатках; - жатқызу уложить на обе лопатки; 3) настезь; - ашық есік настезь открытая дверь; бұл хабарды естігенде - түсті он упал в обморок, услышав эту весть.

ШАЛПЫЛДА - *ет.* плескаться; су жағара - п соғады вода плещется о берег.

ШАЛШЫҚ (шалшығы) *зат.* лужа, грязь; жаңбырдан кейінгі - лужа после дождя; аяқ алып жүре алмайтын - непролазная грязь.

ШАМ *зат.* лампа; аспалы - висющаяся лампа; үстел - ы настольная лампа.

ШАМА *зат.* 1) величина; белгісіз - неизвестная величина; тұрақты - постоянная величина; 2) сила, мощь, возможность; - дан тыс через силу; - сы келмейді не хватает сил; - сына қарай по возможности; 3) приблизительно, около; түнгі он екінің - сы около двенадцати часов ночи; - мен айтқанда говоря приблизительно; ◇ шайдың - сы чайнки.

ШАМАЛАС *сын.* приблизительно одинаковый (по количеству, по величине); жастары - приблизительно одинакового возраста; қойларының саны да - и количество овец приблизительно одинаково.

ШАМАЛЫ *уст.* приблизительно, около; елу-алпыс - адам около пятидесяти-шестидесяти человек.

ШАМДАН - *ет.* обижаться, принимать (что-либо) за оскорбление; ол бұл сөзге - ып қалды он обиделся на эти слова; ол мені ескертпеме - ып қалды он оскорбился моему замечанию.

ШАНА *зат.* сани; үлкен - большие сани; - мен бару ехать на санях.

ШАНЫШҚЫ *зат.* 1) вилка; ~ мен жеу кушать вилкой; күміс ~ серебрянная вилка; 2) трезубец, которым ловят рыбу; ~ мен балық ұстау поймать рыбу трезубцом.

ШАҢ *зат.* пыль; ~ ын сүрту вытереть пыль; ~ көтеру поднимать пыль; шаңсорғыш пылесос; ◇ шанына ілеспеу далеко отставать.

ШАҢҒЫ *зат.* лыжи//лыжный; ~ тебу кататься на лыжах; ~ шылар жарысы соревнование лыжников.

ШАП (шабу) I *ет.* 1) рубить; отын шабу рубить дрова; қылышпен шабу рубить саблей; 2) косить; шөп шабу косить траву.

ШАП (шабу) II *ет.* 1) скакать; атпен шабу скакать на лошади; 2) қылышпен шабу иметь желание; асқа төбеті ~ ты появился аппетит.

ШАПАҚ (шапағы) *зат.* зарево, заря; таң шапағы утренняя заря.

ШАПАЛАҚТА - *ет.* хлопать, аплодировать; пол ~ у хлопать в ладоши.

ШАПАН *зат.* чапан; қазақша ~ казахский чапан; өзбек ~ ы узбекский халат.

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ (шапқыншылығы) *зат.* набег, разбой; теңіз шапқыншылығы морской разбой.

ШАППА *зат.* 1) курок; мылтықтың ~ сын босату опустить курок; 2) перочинный нож; өткір ~ острый перочинный нож.

ШАПШАҢ *уст.* быстро, проворно; ол ~ түсінеді он быстро соображает; ~ сөйлеу говорить быстро.

ШАПШАҢДАТ - *ет.* ускорить; қозғалысты ~ у ускорить движение; жұмысты ~ у ускорить работу.

ШАПШЫ - (шапшу) *ет.* вздыматься; ат аспанға ~ ды лошадь поднялась на дыбы; 2) бить фонтаном; мұнай аспанға ~ ды нефть бьет фонтаном.

ШАРА *зат.* 1) большая деревянная чашка; үлкен - га ет салды положили мясо в большую чашу; 2) выход, возможность, способ; жаңа - қолдану применять новый способ; көзі - сынан шығу сильно перепугаться.

ШАРАП (шарабы) *зат.* вино; қызыл - красное вино.

ШАРБАҚ (шарбағы) *зат.* изгородь, забор, плетень; бұтадан, есімдіктерден жасаған - живая изгородь; бақ - пен қоршалған сад огорожен забором.

ШАРЛА - *ет.* изъездить, объездить, побывать всюду; ол елді түгел - п шықты он изъездил всю страну; дүние жүзін - у объездить весь мир.

ШАРТ *зат.* условие, договор; - жасау заключить договор; - ты бұзу нарушить условие; келісім - ы мирный договор.

ШАРТТАС - *ет.* условиться, заключить соглашение, договор; келісімге (бітімге) - у заключить соглашение.

ШАРТТЫ *сын.* условный; - келісім условное соглашение; - белгі условный знак; - түрде айту говорить условно.

ШАРУА I *зат.* крестьянин//крестьянский; кедей - крестьянин-бедняк; орта - крестьянин-середняк; - лар көтерілісі крестьянское восстание.

ШАРУА II *зат.* 1) хозяйство; үй - сы домашнее хозяйство; 2) дело; қандай - мен жүрсің? по какому делу? - қор хозяйственный.

ШАРУАШЫЛЫҚ (шаруашылығы) *зат.* хозяйство//хозяйственный; сүт өндіру шаруашылығы молочное хозяйство; - міндеттері хозяйственные обязательства.

ШАРША - *ет.* устать, утомиться; мен өбден - дым я совсем устал; жол жүруден - у утомиться от поездки.

ШАРШЫ *зат.* квадрат//квадратный; - метр квадратный метр; төрт қабырғасы тең - в квадрате все четыре стороны равны.

ШАТ *сын.* веселый, радостный; - көңілді адам веселый человек; - күлкі радостный смех.

ШАТАҚ (шатағы) *зат.* запутанное дело, скандал; - мәселе запутанный вопрос: \diamond - шығару устроить скандал.

ШАТАС - *ет.* 1) запутаться; мен іштен - тым я совсем запутался; 2) ссориться; мен босқа - қан екенмін я зря устроил ссору.

ШАТҚАЛ *зат.* узкое ущелье; таудың - ы горное ущелье.

ШАТТАН - *ет.* радоваться; бұған - у керек этому надо радоваться; - а күлу радостно смеяться.

ШАТЫНА - *ет.* 1) треснуть; стакан - п кетті стакан треснул; 2) *перен.* разозлиться, разгневаться; - п шыға келді моментально разгневался.

ШАТЫР *зат.* 1) палатка; - тігу разбить палатау; төрт кісілік - четырехместная палатка; 2) крыша; қаңылтыр - железная крыша.

ШАТЫРЛА - *ет.* 1) греметь; күн - ды гром прогремел; 2) делать крышу; үйдің төбесін - у делать крышу дома.

ШАШ *зат.* волосы; ақ - седые волосы; - тарау расчесывать волосы; бұйра - кудрявые волосы.

ШАШ - *ет.* 1) брызгать, кропить; су - у брызгать водой; 2) разбросать, рассыпать; пішенді - ып тастау разбросать сено; 3) сеять; бидай - у сеять хлеб;

пашу - у разбрасывать сладости или монеты присутствующим на свадьбе; дүниеге ақша - у транжирить, разбазаривать (деньги, вещи).

ШАШАҚ (шашағы) *зат.* кисточка, бахрома; - ты шалбар брюки с бахромой; шашағы бар шымылдық занавеска с бахромой.

ШАШАЛ - *ет.* захлебнуться; шайға - у захлебнуться чаем.

ШАШБАУ *зат.* лента, вплетаемая в косу; - ды тарқатып алу выплести ленту из косы; - ын көтеру поддерживать, угождать.

ШАШТАРАЗ *зат.* парикмахер; төжірибелі - опытный парикмахер; - болып істеу работать парикмахером.

ШӨКІРТ *зат.* ученик; ол менің - м он мой ученик; қолөнер училищесінің - і ученик ремесленного училища; әр мамандықтың ұстазы мен - і болады в каждой специальности есть учитель и ученик.

ШӨЛКЕМ *зат.* стычка, столкновение; - сөз слова, побуждающие к стычке; - шалыс адам человек с тяжелым характером, ищущий столкновений.

ШӨЛІ *зат.* шаль: - жамылып отыр сидит, накрывшись шалью.

ШӨУІЛДЕ - *ет.* гавкать, лаять, тьявкать; оның итң күнң бойы - ді ее собака целый день лает.

ШЕБЕР *зат.* 1) мастер; ауысым - і сменный мастер; сағат - і часовой мастер; 2) безукоризненно, мастерски; - тігілген киім безукоризненно сшитая одежда; - орындалған ән мастерски исполненная песня.

ШЕБЕРЛІК (шеберлігі) *зат.* умение, мастерство; мұғалімнің шеберлігі мастерство учителя; асқан - высокое мастерство.

ШЕГЕ *зат.* гвоздь; - қағу вбивать гвоздь; - суыру выдергивать гвоздь.

ШЕГЕЛЕ - *ет.* прибить гвоздь; етікті - у прибить гвоздями каблук сапогов; есікті ~ у прибить дверь.

ШЕПІРТКЕ *зат.* саранча; - — егіннің жауы саранча — враг посевов; □ ~ ден қорыққан егіп екпес (бояться волков — быть без грибов).

ШЕЙІН *шыл.* (служебное слово) до; кешке - күту прождать до вечера; мектепке ~ до школы.

ШЕК (шегі) I *зат.* 1) предел, конец, граница; әр нәрсенің шегі бар всему есть предел; шегі жоқ нет конца; шек қою поставить границу.

ШЕК (шегу) II *ет.* курить; шылым шегу курить; азап шегу испытывать мучение; қайғы шегу изведать горе; сапар шегу путешествовать; кесте шегу вышивать.

ШЕКАРА *зат.* 1) межа; - мен жүру ходить по меже; 2) граница; - ны күзету охранять границу; -дан әрі за границей; - шы пограничник.

ШЕКАРАЛЫҚ *сын.* пограничный; - бағана пограничный столб; - аудан пограничный район.

ШЕКЕ *зат.* висок; ем ~ сі солкылдайды в висках стучит; ◇ ~ сі қызу достичь чего-либо; қызыл ~ болу ожесточенно драться, спорить.

ШЕКЕР құмшекер сахар-песок.

ШЕКСІЗ *сын.* 1) бесконечный, неограниченный, беспредельный; - кеңістік бесконечное пространство; - уәкілділік неограниченное полномочия; - дік бесконечность, беспредельность.

ШЕКТЕС *сын.* смежный, сопредельный, соседний; - жер учаскелері смежные участки земли; - ұғымдар сопредельные понятия; - ауылдар соседние деревни.

ШЕЛЕК (шелегі) *зат.* ведро; бір - су ведро воды; - пен су өкелу принести воду в ведре; - пен қую наливать ведром.

ШЕЛПЕК (шелпегі) *зат.* тонкие хлебные лепешки; - ті майға пісіреді лепешки жарят в масле.

ШЕІРШЕК (шеміршегі) *зат.* хрящ; мұрын шеміршегі носовой хрящ.

ШЕН *зат.* 1) чин; - і жоғарылау повышение в чине; офицерлік - офицерский чин; 2) примерное местоположение; қаланың орта - і приблизительно в центре города.

ШЕҢБЕР *зат.* окружность; - і ішіндегі шаршы квадрат в окружности; шұңқырдың - і окружность воронки; 2) обруч; алтын - золотой обруч; күбінің - і обруч бочки.

ШЕҢБЕРЛЕ - *ет.* надеть обруч; күбіні - у (құрсау) надеть обруч на бочку.

ШЕП (шөбі) *зат.* край; преграда; алдыңғы - передний край; - бұзу разрушать преграду.

ШЕР *зат.* печаль, тоска; - тарқату развеять печаль, тоску; - басу наводит тоску; - лі аналар печальные матери.

ШЕРТ - *ет.* 1) щелкнуть пальцем; біреудің мұрнынан - щелкнуть кого-либо по носу; саусағымен маңдайынан - ті щелкну пальцами по лбу; 2) тихо наигрывать, брэнчать; домбыра - у тихо брэнчать на домбре.

ШЕТ *зат.* 1) край, окраина; қаланың ең - інде на самом краю города; деревняның - інде тұрамын, я живу на окраине деревни. 2) *перен.* - адам посторонний человек; - ке шығару экспорт; - тем келтіру импорт.

ШЕТЕЛ *сын.* зарубежный, иностранный; - тілдері иностранные языки; - ге бару ездить за рубеж; - дің студенттері студенты-иностранцы.

ШЕТКІ *сын.* крайний; - үй крайний дом.

ШЕШ- *ет.* 1) развязать; пакетті - у развязать пакет; қолын - у развязать руки; 2) *перен.* решать; біреудің пайдасына - у решать в чью-либо пользу; 3) отгадывать; жұмбақ - у отгадывать загадку 4) снимать (одежду); киім - у снимать одежду.

ШЕШЕ *зат.* 1) мать; өз - сі его мать; үлкен - сі бабушка по отцу; нағашы - сі бабушка по матери.

ШЕШЕҚ (*шешегі*) *зат.* 1) оспа; ақ - белая оспа; 2) цветок - ату расцвести; бөйшешек подснежник

ШЕШЕН *зат.* оратор; красноречивый, мастер говорить; керемет - адам искусный оратор; - аудиторияны өзіне қаратты оратор увлек аудиторию; - дік ораторство, красноречие; сөйлей-сөйлей - болар *букв.* после многократных выступлений человек станет оратором.

ШЕШІМ *зат.* решение; - ге келу прийти к решению - қабылдау принять решение.

ШИЕ I *зат.* вишня, вишневый; - ағашын егу посадить вишню; - бағы вишневый сад.

ШИЕ II *зат.* туго завязанный узел; - леп байлау завязать узлом; - сін шешу развязать узел.

ШИКІ *сын.* сырой, недоваренный; - ет сырое мясо;

ШОМБАЛ *сын.* массивный; неуклюжий; - есік массивная дверь; - білезік массивный браслет; - адам толстый, неуклюжий человек.

ШОМЫЛ- *ет.* купаться; келге - у купаться в озере; - уға қолайлы жер удобное место для купания.

ШОҢҚАЙМА *зат.* обувь с высокими каблуками; - етік сапоги с высокими каблуками.

ШОҢҚИ (шоңқию) *ет.* сесть на задние лапы (звери): аңдар - ып отырады звери садятся на задние лапы.

ШОПАН *зат.* чабан; ара - старший чабан; атақты - известный чабан; - ның таяғын ұстау держать палку чабана, т.е. продолжать дело чабана.

ШОРҚАҚ *сын.* неумелый, неопытный; - адам неумелый человек; - жұмыскер неопытный работник.

ШОРТАН *зат.* щука; - ның еті дәмді мясо щуки вкусное: - аулау ловить щуку.

ШОРШЫ (шоршу) *ет.* плескаться; балық өзенде - ды рыба плескалась в озере:

ШОТ *зат.* 1) мотыга; - пен жер өңдейді мотыгой обрабатывают землю; 2) счеты (контторские) есепті - пен есептеу считать на счетах.

ШОШАЙ (шошаю) *ет.* 1) торчать; арқаларында - ган мылтық бар за их спинами торчат ружья; 2) быть собранным в кучу; - тып үю собрать в высокую кучу.

ШОШАҚ (шошағы) *зат.* 1) стог; бір - шөп стог сена; 2) остроконечный; - төбе остроконечная крыша.

ШОШЫ (шошу) *ет.* 1) испугаться; шудан шошу испугаться шума; 2) накаляться (о железе) без - ды железо накалилось.

ШОШЫТ- *ет. понуд.* от шошу испугать, встревожить; ол мені - ып жіберді он испугал меня.

ШӨБЕРЕ *зат.* правнук, правнучка; немереден туған балалар - болады дети, рожденные от внуков являются правнуками.

ШӨГЕР- *ет.* опустить на колени (о верблюдах); - ілген түйелер дем алып жатты верблюды, опустившись на колени, отдыхали.

ШӨГІР *зат.* заноза; - қадалды вонзилась заноза.

ШӨЖЕ *зат.* цыпленок; ~ лер цыплята.

ШӨЛ *зат.* 1) пустыня, голая степь; - даланы суландыру орошать пустыню; - далада ештеме еспейді в голой степи ничего не растет; 2) жажда; - ін қандыру утолить жажду.

ШӨЛДЕ- *ет.* жаждать, испытывать жажду; қатты у сильно жаждать; күні бойы - п жүру испытывать жажду целый день.

ШӨЛМЕК (шелмегі) *зат.* стеклянный пузырек; дәрілі - пузырек с лекарством: - ыдыс стеклянная посуда.

ШӨМЕЛЕ *зат.* копна; пішінді - қып ұю сложить сено в копну; большая копна.

ШӨМЕЛЕЛЕ- *ет.* сложить в копну; пішін - у сложить сено в копну.

ШӨМІШ *зат.* ковш; ~ пен құю наливать ковшом; үлкен - большей ковш.

ШӨП (шөбі) *зат.* трава//травяной; бір жылдық - однолетние травы; көп жылдық - многолетние травы; дәрі-дәрмектік - лекарственные травы; - ұны травяная мука.

ШӨПТЕ- *ет.* полоть; қызылшаны - у прополоть свеклу; қиярдың - у прополоть огурцы.

ШУ *зат.* 1) *анат.* послед; сиырдың шуы послед коровы; 2) шум; айқай-шу болды стоял шум и гам; көмескі шу неясный шум: шу көтеру поднять шум.

ШУАҚ (шуағы) *зат.* солнечный луч; бүгін күн - ты сегодня солнечно; күн шуағында на солнцепеке.

ШУЛА- *ет.* шуметь, кричать; тоған - йды лес шумит; теңіз - йды море шумит; бүкіл қала - п жүр весь город шумит.

ШУМАҚ (шумағы) *зат.* 1) связка; бір - кілт связка ключей; 2) куплет, строфа; бір - өлең куплет песни; өлең шумағы строфа песни.

ШУЫЛ *зат.* шум; көп - много шума; - ды басу унять шум.

ШУЫЛДА- *ет.* шуметь; балалар - п жатыр дети шумят: құлағы - йды в ушах шумит.

ШҰБА- *ет.* ходить один за другим, гуськом, вереницей; жылқылар жолмен - п барады лошади идут по дороге вереницей; машиналар жолмен - п келеді машины едут к нам вереницей.

ШҰБАЛАҢ *сын.* 1) вялый, неэнергичный; қимыл вялое движение; - адам неэнергичный человек; 2) длинный; - көйлек длинное платье; сөзі - болып шықты слова его получились длинными и утомительными.

ШҰБАР *сын.* 1) пестрый; - сиыр пестрая корова; 2) рябой; - кісі рябой человек; - тас гранит.

ШҰБАТ *зат.* шубат, из верблюжьего молока; - дайындау (ашыту) заквасить шубат: - пайдалы сусын шубат полезный напиток.

ШҰБАТ- *ет.* понуд. от шұбау, тащить по земле; арқанды жерге - у волочить аркан по земле.

ШҰБЫР- *ет.* идти гуськом; балалар мектепке - ып келе жатыр дети гуськом идут в школу.

ШҰҒА *зат.* сукно; столға - жабу покрыть стол сукном; - мен тыстау обделать верх сукном.

ШҰҒЫЛ *үст.* круто, спешно, быстро; - бұрылу круто повернуться; - жүріп кету спешно выехать; - келу приехать быстро.

ШҰҒЫЛДАН- *ет.* заниматься: шаруашылықпен - у заниматься хозяйством.

ШҰҚЫ (шұқу) *ет.* ковырять; тісін шұқу ковырять в зубах; көзіне шұқу тыкать в глаза.

ШҰҚШИ (шұқшию) *ет.* устремлять взор, настойчиво стремиться сделать что-либо: кітапқа шұқшию увлечься чтением; жұмысқа я кірісті усердно взялся за работу.

ШҰЛҒАН - *ет.* обернуть ноги портянками; шұлғау - у обернуть ноги портянками.

ШҰЛҒАУ *зат.* портянки: жұмсақ - мягкие портянки; - ын жуу стирать портянки; - ын кептіру сушить портянки.

ШҰЛҒЫ (шұлғу) *ет.* кивать головой; ат басын - ды лошадь закивала головой; ол басын - ды он кивал головой.

ШУМАҚТА - *ет.* собрать веревку (аркан) в связку; кір жаятын жіпт - у свернуть бельевую веревку.

ШҰҢҚЫР *зат.* впадина, яма, вымоина; жол бойындағы - лар ямы на дороге: терең - глубокая яма.

ШҰҢҚЫРЛА - *ет.* сделать яму, углубление; жерді - п қазу выкопать яму: - и түсу углублять яму.

ШҮБӨ *зат.* сомнение; - тудыру возбуждать сомнение; - м жоқ у меня нет сомнений.

ШҮБӨЛАН - *ет.* сомневаться, подозревать: мен ол туралы - баймын я в нем не сомневаюсь;

ШҮБӨЛІ *сын.* подозрительный: - баймын я в нем не сомневаюсь;

ШҮБӨЛІ *сын.* подозрительный; - қылық подозрительное - табыс сомнительный успех.

ШҮБЕРЕК (шүберегі) *зат.* тряпка; шаңды - пен сүрту вытирать пыль тряпкой; жұмсақ - мягкая тряпка.

ШҮЙГІН *сын.* сочный; - шөп сочная трава; - і мол жер местность, где много сочных трав.

ШҮЙДЕ *зат.* 1) затылок; - сі қалың толстый, жирный затылок. 2) обух топора, тяпки; кетпеннің - сі обух тяпки.

ШҮЙІЛ- *ет.* стремительно падать вниз (о ловчей птице); бүркіт аспаннан - іп келеді беркут с неба стремительно спускается вниз; 2) пикировать; - е бомбалаушы пикирующий бомбардировщик.

ШҮЙІР- *ет.* задирать нос; мұрнын - у задрать нос.

ШҮЙІРКЕЛЕС- *ет.* вести интимную беседу; - іп сөйлеу вести интимный разговор.

ШҮМЕК (шүмегі) *ет.* кран; су құбырының шүмегі водопроводный кран; шүмегін бұрап қою повернуть кран.

ШҮРЕГЕЙ: - үйрек чирок (порода уток).

ШЫБЫҚ (шыбығы) *зат.* 1) прутик, прут; тал - ивовый прутик; - тан көрзеңке тоқу плести корзину из прутьев; 2) розга; ағаштың бұтағынан алған - розги из хворостины.

ШЫБЫҚТА- *ет.* бить прутьями, розгами; атты - п келеді погоняет лошадь.

ШЫБЫН *зат.* муха; тамаққа - қонды муха села на пицу; - - шіркей мошки, мошкара: \diamond - жаны жатыр лежит чуть живой; көзіне көк - үймелету издеваться, пытаться, унижать.

ШЫҒАНАҚ (шығанағы) *зат.* залив; Парсы шығанағы Персидский залив.

ШЫҒАР- *ет.* понуд. от шығу 1) вытаскивать; қоймадан қапшықтарды - у вытащить мешки из склада; 2) выпустить; түрмеден - у выпустить из тюрьмы; 3) выводить; балапан - у выводить цыплят; 4) уволить; жұмыстан - у уволить с работы; 5) сочинить: ән - у сочинить мелодию; 6) вынести, вывести;

Ш

үйден заттарды далаға - у вынести вещи из дома; 7) истратить; ақша - у истратить деньги; 8) принять решение; карар - у принять решение; 9) издать; кітап - у выпустить книгу; 10) исключить; мектептен - у исключить из школы; 11) решать; есеп - у решать задачу.

ШЫҒАРМА *зат.* сочинение, произведение; - жазу написать сочинение; класта жазылатын - классное сочинение; жазушының - сы произведение писателя.

ШЫҒАРУШЫ *зат.* 1) сочинитель; жазып - сочинитель; 2) издатель: басып - издатель.

ШЫҒЫМ *зат.* 1) урожай; егіннің - ы урожай хлебов; жемістің - ы урожай фруктов; - ды астық урожайный; 2) навар; - ы жақсы шай навар чая хороший.

ШЫҒЫН *зат.* 1) расход; жол - дары дорожные расходы: ұсақ-түйік - дар мелкие расходы; - дарды өтеу покрыть расход; 2) убыток; - ға ұшырау нести убытки.

ШЫРЫНДА - *ет.* израсходовать, истратить; ақша - у истратить деньги.

ШЫҒЫС I *зат.* восточный: - аудандар восточные районы.

ШЫҒЫС II *зат.* расход; кіріс және - приход и расход: - қа жазу записать в расход.

ШЫДА - *ет.* терпеть, переносить; ауруға - у переносить боль; - й алмаймын терпеть не могу; ол бәріне - п шықты он все перенес.

ШЫДАМ *зат.* терпение, выносливость: - ы жетпеу потерять терпение; - ы таусылды терпение лопнуло; - дылық көрсету проявить выносливость; - ды адам терпеливый человек.

ШЫЖҒЫР - *ет.* топить (сало); май - у топить сало.

ШЫЖЫ (шыжу) *ет.* сильно греть, печь; пеш - п тұр печь сильно греет; күн - п тұр солнце печет.

ШЫҚ (шығу) *ет.* 1) выйти; кластан - выйти из класса; 2) взбираться; тауға шығу взбираться на гору; 3) прорасти; тұқым - прорасти (о семенах); 4) производится; заводтан шығу производится на заводе; 5) вывихнуть; қолы шығу вывихнуть руку; 6) застигнуть; үстінен шығу застигнуть врасплох; 7) издаваться; кітап - ты книга издана; 8) как вспомогательный глагол; оқып шығу прочесть.

ШЫЛАУ *зат. грамм.* часть речи; - сөздер служебные слова.

ШЫЛБЫР *зат.* длинный повод (для привязи коня); атты - ынан жетектеу вести лошадь за повод.

ШЫЛДЫРА - *ет. см.* шылдырлау.

ШЫЛДЫРЛА - *ет.* звенеть; қоңырау - йды звенит колокольчик.

ШЫЛЫМ *зат.* папироса (табак) //папиросный; - тарту курить папиросу; - қағазы папиросная бумага.

ШЫМ *зат.* дерн//дерновый; - ою снимать дерн; - үй дом из дерна: - жер дерновая земля; ◇ шытырық путаница, неразбериха.

ШЫМШУЫР *зат.* шипцы (для держания огня); - мен ұста держи щипцами.

ШЫМШЫ (шымшу) *ет.* ущипнуть; қолын - п алу ущипнуть за руку; қатты шымшу сильно щипать; ◇ бетін шымшу устыдиться.

ШЫМЫР *сын.* плотный, крепкий; - дене плотное телосложение: - денелі адам человек крепкого телосложения.

ШЫМЫРЛА - *ет.* 1) начать кипеть, закипать; сүт қайнайын деп - п жатыр молоко начинает закипать; 2) медленно кипеть; ет қазанда - п қайнап жатыр мясо в котле медленно кипит; ◇ төбе-құйқасы - у ощутить озноб, дрожь (срав. мурашки бегают по телу).

ШЫН *зат.* правда, истина//действительный, истинный; - ын айтқанда по правде говоря; - ын айту говорить правду; - сөз правдивые слова; - мөнісі истинный смысл; - дос истинный друг; - ында на самом деле, действительно.

ШЫНАР *зат.* чинара; - ағашының бойы 300-400 метрге жетеді высота чинары достигает 300-400 метров.

ШЫНАШАҚ (шынашағы) *зат.* мизинец; ◇ - қа тұрмау не стоит мизинца.

ШЫНДЫҚ (шындығы) *зат.* истина, правда: - на жанасу соответствовать истине; бұнда - тын үлесі бар в этом есть доля правды; 2) действительность, реальность; қазіргі настоящая действительность: объективтік - объективная действительность.

ШЫНЖЫР *зат.* цепь: иттің - ы цепь собаки; - дары ит собака на цепи - лы көпір цепной мост.

ШЫНЖЫРЛА - *ет.* привязывать цепью: итті - у привязать собаку на цепь.

ШЫНТАҚ (шынтағы) *зат.* локоть; шынтағын креслоға қойып отыру сидеть, положив локоть на подлокотник кресла: - сүйек локтевая кость.

ШЫНТАҚТА - *ет.* облокотиться: столға қолын - у облокотиться на стол.

ШЫНЫ *зат.* стекло; шам - сы ламповое стекло; терезеге - салу вставить стекло в окно; ◇ аяқ фарфоровая чашка.

ШЫНЫҚ (шынығу) *ет.* закаляться; күресте шынығу закаляться в борьбе; ұрыста шынығу закаливаться в боях.

ШЫҢ *зат.* 1) вершина (горы); Алатаудың - ы вершина Алатау; 2) *перен.* вершина; ғылымның - ы вершина науки; даңқ - ы вершина славы.

ШЫҢҒЫР - *ет.* издавать пронзительный звук, пищать громко; ол қорыққанынан - ып жіберді она от испуга запищала.

ШЫРАЙ *зат.* 1) черты лица, вид, облик; оның - ы жақсы у него хороший вид; 2) *грамм.* сын есімнің - лары степени сравнения прилагательных.

ШЫРАҚ (шырағы) *зат.* 1) светило; аспан - тары - Күн, Ай, жұлдыздар к небесным светилам относятся - Солнце, Луна, звезды; 2) свет, светильник; - ағу зажечь светильник; ◇ шырағым менің светик мой, голубчик.

ШЫРҚА - *ет.* петь (громко, протяжно); қазақ өндерін - у распевать казахские песни.

ШЫРМА - *ет.* 1) крепко завязать, связать; аяқ-қолды - п буып тастау связать руки-ноги крепко-накрепко; 2) заморочить голову; жігіттің басын - у заморочить парню голову.

ШЫРМАТЫЛ - *ет. страд.* от шырмау- запутываться; аяғы жіпке - ды ноги запутались в веревке.

ШЫРМАУЫҚ (шырмауығы) *зат.* вьюн, вьюнок; - шөп өсіру вырастить вьюн; - шөпен қоршау огородить вьюнком.

ШЫРПЫ *зат.* 1) лучина; - жару зажечь лучину; 2) спичка//спичечный; бір қорап - коробка спичек; - фабрикасы спичечная фабрика.

Ш

ШЫРЫЛДА- *ет.* чирикать, щебетать; **шымшық** торғай - п тұр звонко чирикают воробьи; **құстар** - йды птицы щебечут.

ШЫРЫН *зат.* сок; алма - ы яблочный сок; - ды алма сочное яблоко; **қауынның** - дылығы сочность дыни.

ШЫТ *зат.* ситец//ситцевый; **дүкенде** - сатып жатыр в магазине продают ситец; - көйлек ситцевое платье.

ШЫТ- қабағын - у нахмурить, насупить брови.

ШЫТЫНА- *ет.* треснуть, трескаться; **кесе** - п кетті треснула пиала; **ыдыс** - йды посуда трескается.

ШЫТЫРМАН *зат.* 1) чаща; - орман лесная чаща; 2) сложный, запутанный; - уақиға сложное событие; - іс запутанное дело.

ШІГЕ *зат.* лицевая сторона альчика с выемкой; **асық** - сінен жатыр альчик лежит выемкой вверх.

ШІДЕР *зат.* треножник; **аттын** - і треножник лошади.

ШІДЕРЛЕ- *ет.* треножить; **атты** - у треножить коня.

ШІЛДЕ *зат.* июль; - айында демаламыз мы будем отдыхать в июле месяце.

ШІЛТЕР *зат.* кружева//кружевной; - тоқу плесті кружева; - жара кружевной воротник; - дайындайтын өндіріс кружевное производство.

ШІЛІК (шілігі) *зат.* ива; **бұтағы салбыраған** - плакучая ива; - тен жасалған себет ивовая корзина.

ШІМІРКЕН- *ет.* содрогаться; раздражаться; **бұған ол** - бейді он этим не раздражается.

ШІҢКІЛДЕ- *ет.* говорить тонким, писклявым голосом; - ме не пици!

ШПРЕН- *ет.* разлечься (вытянув ноги); төсекте - іп жатыр лежит на кровати, вытянув ноги (как барин); 2) *перен.* важничать; ~ ген кейіппен с важным видом.

ШПРКЕУ *зат.* церковь; ~ ге бару ходить в церковь.

ШПРКІН *сын.* междометие, выражающее сожаление, мечту; ~ ол қандай жақсы бала! Эх, какой он хороший парень!; ~ ол жақсы адам еді надо же, он был хорошим человеком.

ШПРІ (шіру) *ет.* гнить, разлагаться; шөп - ді сено сгнило.

ШПРІ *сын.* гнилой, гниль; ~ ағаш гнилое дерево.

Ы

ЫҒЫС- *ет.* потесниться, сторониться, податься в сторону: ~ уға тура келді пришлось потесниться; ~ ып отыру сесть потеснее.

ЫДЫРА- *ет.* рассеиваться, распыляться; тұман - ды туман рассеялся.

ЫДЫС *зат.* посуда; шай - тары чайная посуда; ас үй - тары кухонная посуда; ~ аяқ посуда.

ЫЗА *зат.* досада, обида; ~ болғаннан с досады; ол бізге ~ болып жүр он на нас сердится; ~ сы өту разозлиться; ~ қор бала обидчивый мальчик.

ЫЗАЛАН- *ет.* испытывать чувство досады, разозлиться, досадовать; ~ ып отыр злиться на кого-либо.

ЫЗҒАР *зат.* холод, сильный мороз; қыстың ~ ы зимний мороз; түннің ~ ы вечерний холод.

ЫЗҒАРЛЫ *сын.* холодный, пронизывающий; ~ жел пронизывающий ветер; 2) *перен.* ~ жүз суровый вид.

ЫЗҒАРЛАН- *ет.* 1) пронизывающе холодным; күн кенет ~ ды день внезапно стал пронизывающе холод-

Ы

ным; 2) становиться грозным; внушать страх; - ып сөйледі говорил грозно; - ган көзқарас вид, внушающий страх.

ЫЗЫЛ *зат. см. ызын*

ЫЗЫҢ *зат.* 1) жужжание; масалардың - ы жужжание комаров; 2) гул; қатты желдің - ы гул сильного ветра.

ЫЗЫЛДА - *ет. см. ызыңда*

ЫЗЫҢДА - *ет.* 1) пицать; масалар - йды комары пицат; 2) гудеть; мотор - ы естіледі мотор гудит.

ЫҚ *зат.* подветренная сторона, защита от ветра; мал - та жайылып жүр скот пасется на подветренной стороне.

ЫҚ (ығу) *ет.* идти по ветру; жылқы қатты желдің ыңғайына қарай ығып кетті табун лошадей пошел по сильному ветру.

ЫҚПАЛ *зат.* влияние; біреудің - ына еру поддаваться чьему-либо влиянию; - ету оказывать влияние.

ЫҚПАЛДЫ *сын.* влиятельный; - адам влиятельный человек.

ЫҚТАСЫН *зат.* место, защищенное от ветра; мал - да тұр скот находится в защищенном от ветра месте.

ЫҚТИЯР *зат.* воля, желание; бұл сіздің - ыңызда это в вашей воле; - ыңыз білсін воля ваша; ез - ымен по собственному желанию.

ЫҚШАМ *сын.* портативный, удобный, аккуратный; ~ магнитофон портативный магнитофон; ~ киім аккуратная (впору) одежда.

ЫҚШАМДА - *ет.* сократить, укоротить; жазғанды ~ у сократить написанное; киімдерді ~ у укоротить одежду.

ЫҚШАМДЫ *сын. см.* Ықшам.

ЫҚЫЛАС *зат.* внимание; - ы ауу обратить внимание: - қою сосредоточить внимание: - ы түсу при-смотреться.

I

ІЗ *зат.* след; аяқтың ізі след ноги; қоянның ізі следы зайца; ізін суытпау пока не остыл след (по горячим следам); ізіне түсу напасть на след; ізін жасыру замедлять следы; ізін басу замещать кого-либо; із ашар предшественник; первопроходец; ізсіз-түссіз ни слуху ни духу.

ІЗДЕ- *ет.* искать кітапті - у искать нужную книгу; сылтау - у \diamond искать повод; - генге сұраған два сапога пара; - уші ищущий.

ІЗШІЛ *зат.* следопыт; - аңшы охотник-следопыт.

ІЛ- *ет.* 1) вешать, зацепить; қабырғаға суреттерді ілу повесить картину на стену; арқан ағашқа ілініп қалды арқан зацепился за дерево; \diamond көзге ілу обратить внимание; іліп ала жөнелу быстро подхватить; кірпік ілген жоқ не сомкнул глаз.

ІЛБІ (ілбу) *ет.* едва-едва двигаться, идти очень медленно; үйге - п әрең жеттім я еле доплелся до дому; аяғын - п басу идти медленным шагом.

ІЛГЕК (ілгегі) *зат.* петлица, пуговица, застежка; - жасау делать петельку; - қадау пришить пуговицу; көйлектің қарсы ілгегі застежка платья; 2) крючок; есіктің ілгегі жоқ на двери нет крючка.

ІЛГІШ *зат.* вешалка; киімді - ке ілу повесить одежду на вешалку; - ке қолы жетпеу не доставать до вешалки.

ІЛЕС - *ет.* следовать, последовать за кем-либо; ілешала соңынан - у тотчас же последовать за ним; жақсылардың соңына - у следовать за хорошими людьми; ◇ көз - пеу не успеть проследить глазами; біреуге - іп келу доехать с кем-либо; - пе газ попутный газ.

ІЛТИПАТ *зат.* внимание, благосклонность, любезность; - қа алу принять во внимание; - көрсету оказать любезность.

ІЛК (ілігу) *ет.* успеть, застать; соңғы автобуска - тім едва успел на последний автобус; ◇ қолға - пеу не попадать в руки.

ІЛІН - *ет. возвр.* от ілу зацепиться, повиснуть; жіпке - у зацепиться за веревку; қабырғаға суреттер - ген на стену повешены картины; ◇ ауызға - у завоевать себе авторитет.

ІН *зат.* нора; тышқанның іні мышьячая нора; ініне су құйылу *букв.* нора, залитая водой, т.е. не знать, куда деваться; попасть в безвыходное положение.

ІНІ *зат.* младший брат; □ - сі бардың тынысы бар у кого есть младший брат, тому спокойно *т. к.* всегда есть на кого опереться; - шек (*ласк.*) братишка.

ІНІР *зат.* вечерние сумерки; - арасында в вечернее время, в сумерки.

ІРГЕ *зат.* основание, фундамент; ◇ - сі тас дом с каменным фундаментом; - сін аулақ салу держаться подальше от кого-либо; үйдің - сіне келу подойти к дому.

ІРГЕЛЕС *сын.* соседний; - ауылдар соседние аулы.

ІРГЕЛІ *сын.* капитальный, фундаментальный; - қабырға капитальная стена; - еңбек фундаментальный труд; - зерттеу фундаментальное исследование.

ІРІ *сын.* крупный; - алма крупное яблоко; - қара крупный рогатый скот; - уақиғалар крупные события.

ІРІ (іру) *ет.* скиснуть; сүт - іп кетті молоко скисло.

ІРІКТЕ- *ет.* сортировать, отбирать; картопты - у сортировать картофель; ең тәуірін - п алу отобрать самое лучшее.

ІРІМШІК (ірімшігі) *зат.* творог, сыр; ақ - творог; сары - сыр по-казахски.

ІРІҢ *зат.* гной; - ін алып тастау удалить гной.

ІС *зат.* дело, работа, занятие; бұл оның өз ісі это его дело; өскери іс военное дело; іске кірісу приступить к работе; өзінің сүйген ісі работа по душе; ◇ басына іс тусу попасть в трудное положение; іс жүзінде на самом деле; іс жүргізуші делопроизводитель; іске алғысыз ету очернить, опозорить, уронить авторитет.

ІСКЕР *сын.* деловой, деятельный, работоспособный; - адам деловой человек; - оқушы работоспособный ученик; - лік деловитость; деятельность, работоспособность.

ІСТЕ- *ет.* делать, работать; колхозда - у работать в колхозе; мектептің ауласында жұмыс - у работать во дворе школы.

ІСІК (ісігі) *зат.* опухоль, шишка; залалды - злокачественная опухоль.

ІСІН- *ет.* *возвр.* от ісу набухать, разбухать.

ІШ *зат.* живот, внутренность, емкость; іші ауырады болит живот; үйдің ішкі көрінісі внутри дома; бөшкенің іші емкость бочки; іші білу (сезу) догадаться; іш тарту проявить близость; іш тастау сде-

Я

лать выкидыш; іші удай ашу быть очень огорченным; принимать близко к сердцу; іші тар завистливый.

ІШ- *ет.* 1) пить; шай ішу пить чай; \diamond тамақ ішу кушать.

ІШЕК (ішегі) *зат.* 1) кишка; ащы ~ тонкая кишка; ~ -қарын внутренность; 2) струна; домбыраның ішегі струна домбры.

ІШКІ *сын.* внутренний; ~ істер министрлігі Министерство внутренних дел; ~ аурулар внутренние болезни.

ІШК (ішегі) *зат.* меховая шуба; түлкі ~ шуба из лисьего меха.

Я

Я *шыл.* либо, или; я бүгін, я ертең либо сегодня, либо завтра; я инженер, я мұғалім болам стану или инженером, или учителем.

ЯҒНИ *шыл.* то есть; даналық сөздер, яғни ауыз өдебиеті мудрые слова, т.е. устная литература.

ЯКИ *шыл.* или; қалада ~ ауылда в городе или в деревне.

ЯПЫРАЙ *од.* (междометие) показывает сожаление, возглас, сенейін бе, сенбейін бе? ох, верить или нет? ~, келмей қалды-ау! как жалко, не пришел!

Учебное издание

Бектуров Шабкен Карибаевич
Бектурова Ардак Шабкеновна

КАЗАХСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ

Бас редакторы Бабылова Г.Ж.
Редакторы Шәбікенова Б.М., Ерешко Н.В.
Техникалық редакторы Алексютина Т.Б.

Теруге 07.01.00. Басуға 28.03.01.
Пішімі 70X100 1/32. Есептік баспа табағы 19,8.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс N 26.
Бағасы келісімді.

“Фолиант” Баспалы-кітапсауда фирмасы
73000, Астана қаласы, Басбайланыс бөлімі, а/ж N 2652



ФОЛИАНТ

баспалы-кітапсауда фирмасы

- ✓ кітап өнімдерінің көтерме және бөлшек саудасы
- ✓ оқу, ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттерінің басылымы
- ✓ әр түрлі кітаптардың түр-түрі және жылдам жанарту (қолымызда әрқашан 6000 түрлі кітаптар)
- ✓ Қазақстан бойынша кітапты уақытында жеткізу
- ✓ орынды баға

*Оқу, ғылыми және ғылыми-көпшілік
әдебиеттерінің авторларын бірлесуе шақырамыз!*

Тел./факс: (3172) 33-37-52

E-mail: fatima@nursat.kz

Хат-хабар үшін:

473000, Астана қаласы, Басбайланыс бөлімі, а/ж №2652

**КӨТЕРМЕ САТЫП АЛУШЫҒА
БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ**

ШАПШАҢ! СЕНІМДІ! САПАЛЫ!

